

№04 (146) 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ТАҒЫЛЫМ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Редакция жетістігі: 15 жылдық тарих, 100 мыңнан аса публикация



100 ÜZDİK MAQALA



МҰҚАШЕВА ШЫРАЙ МҰХИТҚЫЗЫ БӨЛІМ МЕҢГЕРУШІСІ «ЕСЕПТЕУІШ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖЕЛІЛЕР» БӨЛІМІ

«EDUNews.KZ» БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ
АҚПАРАТ АГЕНТТІГІНІҢ
ҚОЛДАУЫМЕН ШЫҚҚАН
ШЫҒАРЫЛЫМ →

 **EDUNews.KZ**
EDUCATIONAL NEWS AGENCY

E DUCATIONAL
S CIENCES
I NDEX

Редакция жетістігі: 15 жылдық тарих, 100 мыңнан аса публикация

ТАҒЫЛЫМ

2011 жылдың наурызынан бастап шығады

V - БӨЛІМ

№04 (146)

СӘУІР
2026 ЖЫЛ



«Educational Sciences Index» Қазақстан педагогтарының ғылыми-әдістемелік мақалаларының базасында индекстеу жүргізіліп, «Edunews.kz» ақпараттық агенттігі арқылы республиканың педагог қауымына таратылады



Басылым Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігінде есепке
қойылып, 2011 жылдың 26 қаңтарында №11349-ж
тіркеу куәлігі берілген



МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----------|
| Құдабаева Құралай Дәулетқызы, | 4 |
| <i>«Дарынды бала» балабақшасы</i> | 4 |
| Әнуарбек Айдана Жомартқызы, | 5 |
| <i>«Ойнайық та, ойлайық!» ойын-сауық сайысы. (Ертегілер, ертегілер. ..)</i> | 5 |
| Шошанбасова Қарлығаш Қылышханқызы, | 7 |
| <i>Табиғат бұрышы балабақшада оқу мен даму ортасы</i> | 7 |
| Бірманова Қымбат Исламбекқызы, | 8 |
| Молдашева Алтын Қонарбекқызы, | 8 |
| <i>«Дарабоз» – білім, ұлттық рух және тұлғалық дамудың тоғысқан кеңістігі</i> | 8 |
| Молдахалыкова Айзат Толендиевна, | 9 |
| <i>Балабақша – бақыт мекені</i> | 9 |
| Шымырқұлова Құралай Абдиманановна, | 10 |
| <i>Шебер сынып: «Ұлттық мұра – ұрпаққа аманат»</i> | 10 |
| Давлетова Меруерт Қалмухамбетовна, | 12 |
| <i>Ғажайып көбелек</i> | 12 |
| Рланова Перизат Шиенбаевна, | 13 |
| <i>Өнерлі балапандар</i> | 13 |
| Мамраимов Еркебулан Ержанович, | 14 |
| <i>«Әкелер мектебі»: «Әке – асқар тау»</i> | 14 |
| Акинбаева Сандугаш Габитбековна, | 15 |
| <i>Бояулар әлемі – сыр шертеді</i> | 15 |
| Маметова Алия Дүйшембиевна, | 16 |
| <i>Сандар әлеміне саяхат</i> | 16 |
| Мархабаева Анар Жаксылықовна, | 17 |
| <i>Бауырсақпен бірге саяхат</i> | 17 |
| Муратбекова Сандугаш Сиезбековна, | 18 |
| <i>Асық – алтын қазынам!</i> | 18 |
| Надырбаева Сандугаш Сериковна, | 20 |
| <i>Мұражайға саяхат</i> | 20 |
| Сагынбекова Гүлмира Мырзахановна, | 21 |
| <i>Сандар әлеміне саяхат</i> | 21 |
| Тлеубердиева Баян Тастанбековна, | 22 |
| <i>Еркетайым ертегісіз өспесін</i> | 22 |

| | |
|--|-----------|
| Халмуратова Зубайда Шарифовна, | 23 |
| <i>Құстар - біздің досымыз</i> | 23 |
| Батырбеков Ердос Серикович, | 25 |
| <i>Оптоэлектронды технология</i> | 25 |
| Бикенова Мейрамгуль Айтказиевна, | 26 |
| <i>Цифрлық маман қалыптастыру жолы</i> | 26 |
| Боранбаева Гульжан Усенбековна, | 27 |
| <i>б.1. Алгоритмдеу және бағдарламалау. Қолдану функциялары мен процедуралары</i> | 27 |
| Ермекқызы Жұлдыз, | 34 |
| <i>ИИ в дуальном обучении IT: помощник, а не замена преподавателю</i> | 34 |
| Әлімбай Арлан Мұратұлы, | 35 |
| <i>Вайбкодинг платформаларын білім беруде қолдану: мүмкіндіктер, тәжірибе және болашақ бағыттар</i> | 35 |
| Құрманғали Жанай, | 37 |
| <i>Кімі AI: Білім берудегі жасанды интеллекттің жаңа мүмкіндіктері</i> | 37 |
| Мендигалиева Динара Кабдығалиевна, | 39 |
| <i>Восприятие современных методов обучения старшим поколением преподавателей IT-дисциплин в колледжах Казахстана</i> | 39 |
| Мұқашева Шырай Мұқитқызы, | 41 |
| <i>Цифрлық оқу: білім сапасын арттырудың тиімді құралы</i> | 41 |
| Шамшиева Шолпан Шаймарденова, | 42 |
| <i>Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын информатика пәнінде тиімді пайдалану тәсілдері</i> | 42 |
| Каптагаева Жадыра Катубековна, | 44 |
| <i>Мобильді және веб-әзірлеу: қазіргі цифрлық әлемнің негізі</i> | 44 |
| Елубай Айнұр Жанатқызы, | 49 |
| <i>Өндірістік-оқыту шеберлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру және дуалды оқыту жүйесінің артықшылықтары</i> | 49 |



ҚҰДАБАЕВА ҚҰРАЛАЙ ДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесағаш ауылындағы ЖШС
«Дарынды бала» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі

«ДАРЫНДЫ БАЛА» БАЛАБАҚШАСЫ

Екі мамандықтың иесі: біріншісі-Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің журналистика факультеті, екінші мамандығы кәсіби тұрғыда жан-жақты дамуды мақсат ете отырып, Шымкент қаласындағы академик А. Қуатбеков атындағы Дружба народов университетінде білімін жалғастырып «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы» мамандығын иеленді. Бұл оқу ордасы тек теориялық білімді ғана емес, өмірлік ұстанымдарын қалыптастырып, болашақ маман ретінде шыңдалуына зор ықпал етті. Әрбір алған білімі мен тәжірибесіне жетелеп, өз ісіне деген жауапкершілігін арттырды.

Еңбек жолын журналистика саласында бастаған,

2023 жылы осы аталған балабақшада тәрбиеші мамандығынан бастаған. Бір жыл тәрбиеші болып қызмет атқарып, осы қысқа уақыттың ішінде әр баланың жан дүниесіне үңілуді, олардың сенімін ақтауды үйреніп, балаға білім беру оңай, бірақ жүрегіне жол табу – үлкен өнер екенін түсінді. Уақыт өте келе Құралай Дәулетқызына үлкен сенім артылып, меңгеруші қызметі тапсырылды. Бұл-Құралай Дәулетқызына тек қызметтік өсу емес, бұл – үлкен жауапкершілік, үлкен аманат болды. Бүгінде осы мекемеде үш жыл бойы еңбек етіп келеді. Әр баланың жүрегіне жылу сыйлап, оның арманына қанат бітіріп, болашағына жол ашып келеді. «Дарынды бала» балабақшасы-мейірім мен махаббат мекені. Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағының негізі. Әрбір баланың жүрегіне жылу сыйлап, оның бойындағы дарынын ашу-үлкен жауапкершілік пен шынайы махаббатты талап ететін қасиетті іс. Осындай биік мақсатты ту еткен «Дарынды бала» балабақшасы-мейірім мен сенімге негізделген тәрбие ордасы. Бұл қызмет жәй лауазым емес. Бұл-сенім. Бұл-аманат!

Балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы және жайлылығы – басты назарымызда. Заманауи жабдықталған бөлмелер, таза орта, дұрыс тамақтану-бәрі де балаларға қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Балабақшадағы ұжым-жүрегі мейірімге толы, өз ісіне адал мамандардан құрылған. Әр тәрбиеші балаға тек білім беруші емес, ол-бағыт беруші, қолдаушы, жанашыр тұлға. Осы арқылы біз балалардың бойында сенім, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырамыз.

Ең басты мақсаты: Ол-әр бала жылу сыйлау, балабақшаға келгенде өзін жәй ғана мекемеде емес, періште мекеніне келгендей сезіну. Әр баланың көзінен қорқыныш емес, қуаныш көру. Оның жүрегінде сенімсіздік емес-батылдық болу. Балабақша табалдырығын аттаған әр бүлдіршін өзін қауіпсіз, бақытты, ерекше сезінуі тиіс.

«Дарынды бала» балабақшасы-бұл баланың жүрегіне жылу ұялататын, өміріне жарық сыйлайтын, болашағына сенім беретін қасиетті мекен!



ӘНУАРБЕК АЙДАНА ЖОМАРТҚЫЗЫ,
ЖШС «Дарынды бала» бөбекжай-балабақшасы
Мектеп алды даярлық «Лунтик» тобының тәрбиешісі
Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесағаш ауылы

«ОЙНАЙЫҚ ТА, ОЙЛАЙЫҚ!» ОЙЫН-САУЫҚ САЙЫСЫ. (ЕРТЕГІЛЕР, ЕРТЕГІЛЕР. . .)

Мақсаты: Балалардың түрлі ұйымдастырылған оқу қызметінде алған білім, білік, дағдыларын бекіту. Өнертапқыштық шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Оның эстетикалық эмоцияларын, сезімдерін, қарым-қатынастары мен танымдық қызығушылықтарын дамыту.

Керекті құралдар: Құрастырмалы жануарлар, ертегі атрибуттары, суреттер, ғажайып қапшық, жануарлар мүсіндері.

Барысы: Сәлеметсіздерме, бүгінгі сайысымызға келіп отырған құрметті қонақтар мен жанкүйерлер. «Ойнайық та, ойлайық» атты ойын-сауық сайысын бастауға рұқсат етіңіздер.

Жақсы сөз- жарым ырыс, - дейді халық. Ендеше жақсы ниетпен бақытты ұлдарымыз бен қыздарымызды ортаға шақырамыз.

Шаттық шеңберіне тұрып, өздері қандай жануарды жақсы көретінін және неліктен екенін айта отырып қолдарындағы жүректі бір-біріне ұсынады. .

Бұл ойында екі топ қатысады. «Сұңқар» және «Тұлпар» тобы.

«Бүркіт» тобының бүлдіршіндерімен таныстырып өтейін.

1. Мейірімді, ақылды, сурет салғанды, өлеңдер оқығанды жақсы көретін, бауырына қамқор Мариям атты қызымызбен таныс болыңыздар.

2. Ынталы, еңбексүйгіш, спортпен шұғылданғанды жақсы көретін сайыскеріміз-Санжар.

3. Мәдениетті, ашық жарқын жүзді қызымыз-Айсана. Ол бос уақытын сурет салумен өткізгенді ұнатады.

4. Өзі салмақты, бойшаң, леги ойыншығымен ойнағанды ұнататын Айбар атты жігітімізбен таныс болыңыздар. Айбардың сүйікті тамағы-ет.

5. Елгезек, жігерлі, компьютер ойындарын ойнағанды жақсы көретін-Алиханмен таныс болыңыздар.

«Сұңқар» тобының бүлдіршіндері.

1. Тобымыздың еңбеккері, бетке ұстар ұлымыз- Айсултан. Футбол ойнағанды ұнатады.

2. Салмақты, әдемі, мейірімді қызымыз-Мадина. Өскенде дәрігер болып, адамдарды емдеймін, -дейді.

3. Арнур деген ұлымыз, инабатты, апайын үлгі тұтады.100-ге дейін санай алады.

4. Ақылға сай көркі де, еңбекке де икемді-Адия. Өскенде мұғалім болғанды армандайды.

5. Дана деген перизат, айдай сұлу, өнегелі нәзік. Қуыршақтарына киім тіккенді ұнатады.

Сайыскерлерімізді таныстырып өттік, енді сайысымызды бастайық.

Әр дұрыс жауапқа мына өсіп тұрған ағашқа алмаларын жабыстырып отырамыз.

1-кезең. (Сұрақ-жауап) деп аталады.

Мен сұрақ қоямын және үш жауабын айтамын. Сендер дыбыс белгісі берілгеннен кейін, жауап бересіңдер. Қай топ біріншіқолын көтерсе, сол топ жауап береді. Осы үш жауаптың дұрысын таңдап айтасыңдар.

1-сұрақ. Сәбиді неге салып тербетеді? Алтыбақанға, бесікке, күймеге.

2. Қазақ үйде шаңырақты көтеріп тұратын ағашты ата. (кереге, уық, құрық)

3. Қымыз ненің сүті? (сиырдың, түйенің, биенің)

4. Қазақтың (шығыс халықтарының) жаңа жылы қай айда? (желтоқсан, наурыз, қаңтар)

5. Бала мектепке барғанда қандай той жасайды? (шілдехана, бесік той, тілашар)

6. Түйенің төлін қалай атайды? (бұзау, қозы, бота)

7. Егінді немен жинайды? (трактормен, комбайнмен, ат арбамен)

8. «Түлкі мен ешкі» ертегісіндегі түлкі қандай? (күшті, айлакер, мақтаншақ)

9. Қазақстан республикасының рәміздерін ата.

10. Садақ сөзінде қанша буын бар? (2,3,1)

11. Екі шегі бар музыкалық аспап. (шаңқобыз, дауылпаз, домбыра)

12. Арманға өзінен кіші Айжан кім болады? (сіндісі, қарындасы, апайы)

13. Басы «ш» аяғы «р» дыбысына аяқталатын сөзді ата.

2-кезең «Кім көп» дидактикалық ойын

Сиқырлы дорба ішінен мысалы сиыр мен жылқы ойыншығын сипап сезу арқылы екі топ өз жануарларынтабу.

а) Сиыр мен жылқы суретін көрсетіп, не айта алатындарын сұрау. (Пайдасы, түсі, көлемі, қасиеті т. б) (Ала, сүтті, мөңірейді, жуас, төлі-бұзау), (Кісінейді, жалы, ертоқым, таға, төлі-құлын).

ә) Кез-келген құс пен Алдар көсе сөзіне анықтауыш «қандай» деген сұраққа жауап алу:

Құс- ұшатын, секіретін, жүгіретін, жүзетін, қамқор.

Алдар-көсе-ақылды, байларды алдайды, жағдайы жоқ адамдарға көмектеседі, сөзге шебер, домбыра тартады.

3-кезең «Сиқырлау» ойыны. Бізде сиқырлы сиыр мен жылқы пайда болды.

Ерте, ерте, ертеде. .. деп басталатын ертегілер сайысына береміз. Жаңағы айтылған қасиеттерін сиырға-құсты жанастырып, ал екінші топ жылқыға Алдар-көсені жанастыру. Балалармен сиқырлы сөз айту. Ахалай, махалай, суфф! (Осы кезде музыка ойналып, сиқырлы, қанаты бар сиыр мен шапаны бар жылқы пайда болады. Құстың қанаты мен Алдар-көсенің шапанын сиыр мен жылқыға жабыстыру)

-Ұшатын сиыр, секіретін сиыр, жүгіретін, жүзетін, қамқор сиыр.

- Ақылды жылқы, байларды алдайтын жылқы, жағдайы жоқ адамдарға көмектесетін, сөзге шебер, домбыра тартатын жылқы.

Осы қасиеттері бойынша ертегі құрастыру.

Біз әкеміз екеуіміз базарға сиыр сатып алуға бардық. Онда үй жануарлары өте көп екен. Әсіресе сиқырлы сиырлар. Біз ішінен бір ұшатын, сиқырлы сиырды таңдадық. Оның үлкен құстың қанатындай қанаты болды. Біз оған мекен-жайымызды айтып едік, ол бізді үйге өзі құс сияқты ұшып алып келді. Анамыз қатты қуанды.

Ертеде бір ақылды жылқы болыпты. Алдынан байлар кездесе, алдап қоя береді екен. Қымызын тек кедейлерге ғана беріпті. Өзінің бос уақытын барлық жануарларды жинап алып, домбыра тартып, ән айтып өткізеді. Оны бүкіл жануарлар құрметтейді.

Сергіту сәті «Қара жорға»

4-кезең (Жұмбақ құрастыру)

Балалар біз билеп жүргенде біреу хат алып келіпті, көрейік не бар екенін.

Әр топ берілген сурет бойынша өз ойынан қарсыласына жұмбақ құрастырып, жасыру керек.

5-кезең Дидактикалық ойын «Танграмм»

Жұмбақтың шешуіне байланысты геометриялық пішіндерден мысық пен қоянды құрастыру. (Жыл мезгілі туралы айтып, қыста қоян түсін өзгертетіні, қамқор болу керектігі туралы айту.)

Күз мезгіліне байланысты қандай ертегілер білесіңдер? Ендеше «Сұңқар» тобы И. Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын, ал «Тұлпар» тобы Асқар Тоқмағанбетовтың «Бидайпен қаңбақ» мысалын сахналап көрсетеді.

6-кезең (Ертегіден үзінді көрсету)

Ертегі, мысалдан үзінді көрсеткеннен кейін, мазмұнына сәйкес мақал-мәтел айту.

Еріншектің ертеңі таусылмас.

Бейнетсіз рахат жоқ.

Өзін-өзі мақтаған өліммен тең.

Адам жерге нәр береді,

Жер адамға нан береді.

Бала жаман болса көрінгеннің мазағы

Есер баладан ерке бала жаман.

Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын. Ер дәулеті — еңбек.

Соңында балаларға мысалдың аяғын ойлап құрастырту. (Қаңбақ-жер шарын аралап, болып жатқан жаңалықтарды бидайға айтады. Ал шегіртке мен құмырсқа бір үйде тұрып, бір-бірімен дос болады.

Қорытындылау. Топтардың алмаларын санап, жеңген топты мадақтау. Алмаларын бахытграммаға жабыстырту.



ШОШАНБАСОВА ҚАРЛЫҒАШ ҚЫЛЫШХАНҚЫЗЫ,
№ 159 балабақшаның мектеп алды даярлық «Жұлдыз» тобының тәрбиешісі
Алматы қаласы, Әуезов ауданы

ТАБИҒАТ БҰРЫШЫ БАЛАБАҚШАДА ОҚУ МЕН ДАМУ ОРТАСЫ

Балалардың еңбекқорлығы мен табиғатқа ұқыпты қарауына тәрбиелеу-қоршаған ортаны қорғаудағы жалпы жұмыстың маңызды міндеттерінің бірі. Табиғат бұрышы — балабақшадағы тірі табиғатпен күнделікті байланыс орнататын, баланың байқағыштығын, жауапкершілігін және мейірімін дамытатын маңызды орта. Дұрыс ұйымдастырылған табиғат бұрышы балаларға өсімдіктер мен жануарларды танып, күтіп-баптауды үйренуге мүмкіндік береді.

Балаларға арналған оқу кеңістігіне табиғат элементтерін енгізу – бұл жаңа белестер мен мүмкіндіктерді ашатын тәсіл. Ауа райының әртүрлілігі, өсімдіктер мен жануарларды бақылау, тіпті жай ғана сыртқы ортадағы өзгерістер балалардың қызығушылықтарын оятып, олардың білім алуына септігін тигізеді.

Табиғат бұрышында балалар бөлме ішінде өсімдіктерді суарып, гүлдердің түбін қопсытады, сондай-ақ аквариумды, құс торларын тазартады, өсімдіктер мен жануарларды дұрыс күту мен олардың жақсы жағдайда болуы арасындағы байланысты анықтауға үйретеді.

Табиғатқа қатысты аймақ балалардың денсаулығын нығайтып, сабақ барысында сергектікті арттырады. Оларда практикалық дағдылар мен экологиялық түсініктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Балалар өсімдіктермен, жануарлармен тікелей таныса отырып, табиғатты қорғау туралы білім алады. Осы аймақта интерактивті ойындар ұйымдастыру, тәжірибелер өткізу, өсімдіктерді отырғызу балалардың қызығушылығын арттырады. Олар табиғатқа жақын бола отырып, тәрбиешілермен бірге зерттеулер жүргізу нәтижесінде критикалық ойлау әдістерін дамытады.

Оқыту әдістемесін түрлендіру үшін түрлі ресурстарды қолдану, мысалы, табиғаттан алынған материалдар, балалардың қиялын ұштауға, экологиялық сауаттылықты арттыруға жол ашады. Әр сабақ барысында белсенді қабылдауды ынталандыру мақсатында табиғатқа қатысты практикалық тапсырмалар беру маңызды.

Балабақшада табиғат бұрышын ұйымдастыру әдістері

Табиғи элементтерді тиімді орналастыру арқылы балабақшадағы балалар үшін қызықты орта құруға болады.

- **Көшет алаңы:** Түрлі өсімдіктерді өсіруге арналған алаң жасап, олардың күтім жасауды үйрету.
- **Су элементтері:** Кішкентай су қоймасын немесе фонтандарды жасау, су мен оның айналасындағы экожүйені көрсету.
- **Өсімдік бұрыштары:** Мектеп қоршауында түрлі өсімдіктер мен гүлдер отырғызып, олардың өсіп-өну процесін бақылау.
- **Жабайы табиғат:** Жергілікті жабайы шөптер мен гүлдерді жинап, балалармен бірге оларды зерттеу.
- **Экологиялық ойындар:** Оқушылардың экошарттарда ойындар өткізу, оларды табиғат сақтауға ынталандыру.
- **Кітап бұрышы:** Табиғат туралы кітаптармен жабдықталған кеңістік, балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Осы әдістерді қолдану арқылы, балалардың табиғатқа деген қызығушылығын дамыту, оларды жауапкершілікке баулу жеңілдейді.

Табиғат бұрышын ата-аналармен бірлесіп дамыту жолдары

Ата-аналармен бірігіп жұмыс істегенде өсімдік тамырлары мен бау-бақша өсімдіктерін қолдану аса тиімді. Мысалы, ата-аналар балаларға үйден немесе жақын маңдағы табиғаттан өсімдіктер алып келуге көмектесе алады. Бұл өсімдіктер балалардың назарын аударып, оларды зерттеп, бақылауға итермелейді.

Табиғи материалдарды пайдалану

Ата-аналар табиғи материалдарды, мысалы, жапырақтар, тастар, құрылыстарды жинауға қатысуы маңызды. Осындай материалдар балалардың шығармашылығын оятып, оларды қолдану арқылы түрлі қолөнер шығармаларын жасауды үйретуге мүмкіншілік береді.

Табиғатқа экскурсия жүргізу

Балалардың табиғатқа экскурсиясы олардың қоршаған орта туралы білулерін арттырады. Ата-аналармен бірге жергілікті саябақтарға, ормандарға, өзен жағаларына бару қиындықтарды шешуге, жаңа білімдер алуға мүмкіндік туғызады.

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың еңбегін басқарудың ерекшелігі - мұғалім балалармен не істеу керектігін және жұмысты қалай аяқтау керектігін талқылайды. Балаларды көруге ғана емес, сонымен қатар жеке еңбек операцияларының орындалу ретін жоспарлауға, міндеттерді алдын-ала бөлуге, барлық қажетті құрал-жабдықтарды өз бетінше дайындауға үйретеді. Тәрбиешінің тапсырмасын жауапкершілікпен орындап, өздігімен ұқыпты іс әрекет жасай алады меңгереді.

БІРМАНОВА ҚЫМБАТ ИСЛАНБЕКҚЫЗЫ,

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы
№7 мектеп-гимназиясы »КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

МОЛДАШЕВА АЛТЫН ҚОНАРБЕКҚЫЗЫ,

директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары

«ДАРАБОЗ» – БІЛІМ, ҰЛТТЫҚ РУХ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ТОҒЫСҚАН КЕҢІСТІГІ

Қазіргі білім беру кеңістігінде басты мақсат – тек білім беру емес, ойлай алатын, талдайтын, шешім қабылдайтын және өз орнын таба алатын тұлға қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, білім мен тәрбиені ұштастыратын, ұлттық мазмұнға негізделген инновациялық жобалардың маңызы ерекше. «Дарабоз» интеллектуалды ойыны – осындай мазмұнды, мәні терең, заманауи форматтағы жобалардың бірі.

«Дарабоз» – бұл жай ғана білім сайысы емес. Ол – оқушының зияткерлік әлеуетін ашатын, ойлау мәдениетін қалыптастыратын, тұлғалық дамуына ықпал ететін ерекше алаң. Жоба құрылымы жеті кезеңнен тұрып, әр кезең оқушының түрлі қабілеттерін дамытуды көздейді. Танымдық сұрақтар арқылы білім деңгейі тексерілсе, логикалық тапсырмалар арқылы ойлау қабілеті шыңдалады, ал жылдам жауап беруді талап ететін раундтар оқушыны жинақылыққа, нақты шешім қабылдауға үйретеді. Соңғы «Edu-Brunch» кезеңі қатысушыларға өз идеяларын ұсынуға мүмкіндік беріп, оларды шығармашылық және жобалық ойлауға жетелейді.

Жобаның басты ерекшелігі – ұлттық құндылықтардың кеңінен қамтылуы. Ойын барысында қатысушылар қазақ халқының тарихымен, әдебиетімен, мәдениетімен, дәстүрімен тереңірек танысады. Ұлы тұлғалар туралы сұрақтар, ұлттық ойындар, салт-дәстүрлерге қатысты тапсырмалар – барлығы оқушының санасында ұлттық рухты қалыптастырады. Бұл – тек білім беру емес, бұл – ұлттық сана мен рухани құндылықтарды жаңғырту.

«Дарабоз» жобасы оқушыға не береді? Ең алдымен, ол ойлау мәдениетін өзгертеді. Оқушы дайын ақпаратты қабылдаушыдан оны талдай алатын, саралайтын тұлғаға айналады. Жылдам ойлау, нақты жауап беру, өз ойын дәлелдеу дағдылары қалыптасады. Оқушы дайын ақпаратты қабылдаушыдан оны талдай алатын, саралайтын тұлғаға ұғындырады. Әр қатысушының пікірі бағаланып, бірлескен шешім қабылдау арқылы ортақ нәтижеге жету тәжірибесі қалыптасады. «Дарабоз» – мұғалім үшін тек іс-шара емес, ол – жаңа педагогикалық тәсілдердің тәжірибелік алаңы. Мұғалімдер оқытуда ойын технологияларын, жобалық оқытуды, критериялды бағалауды тиімді қолдануға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, ойын құрылымы метапәндік интеграцияға негізделген. Әртүрлі раундтарда оқушылар білімді тек жеке пән ретінде емес, тұтас жүйе ретінде қабылдайды: физика – заңдылықты түсінуге, биология – тіршілікті тануға, әдебиет – құндылықты ұғынуға, ал технология мен химия – өмірлік шешім қабылдауға, тарих-танымды зерделеуге, әдебиет- салт-сананды ой-өрісінді зерделеуге бағыттайды. Осы арқылы «Дарабоз» қағидаттарын ұлттық мазмұнмен үйлестіріп, оқушының қазақи сипатқа ие әлемді тұтас түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл зияткерлі ойын педагогтің шығармашылығын дамытып, кәсіби тұрғыдан жанашыл ойлауға жетелейді. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас та жаңа деңгейге көтеріліп, серіктестік форматқа өтеді.

Зияткерлік ойын – бұл тек білім сайысы емес, ол құндылықтарды саналы түрде қалыптастыратын тәрбиелік кеңістік. Зияткерлік ойын – бұл тек білім сайысы емес, ол құндылықтарды саналы түрде қалыптастыратын тәрбиелік сіңіреді. Командалық жұмыс барысында ынтымақ, жауапкершілік, өзара сыйластық сияқты адами құндылықтар дамиды. Жылдам ойлау мен шешім қабылдау кезеңдері оқушыны табандылыққа, әділдікке және өзін-өзі басқаруға үйретеді. Ал шығармашылық тапсырмалар арқылы еркін ойлау, бастамашылдық, даралық

қасиеттер қалыптасады. Осылайша, зияткерлік ойын – білім мен құндылықтарды тоғыстыратын тиімді құралға айналады.

«Дарабоз» жобасының тағы бір маңызды қыры – оның қала тұрғындарына берері. Мұндай интеллектуалды ойындар – қоғамды біріктіретін, ортақ құндылықтарды насихаттайтын мәдени-танымдық алаң. Ата-аналар, жастар, ұстаздар бір кеңістікте бас қосып, білім мен тәрбие төңірегінде пікір алмасады. Бұл – қоғамда білімге деген құрметті арттырып, ұлттық бірегейлікті нығайтатын маңызды фактор.

Тағы бір маңызды тұсы – «Дарабоз» оқушыны «дара тұлға» болуға жетелейді. Ол өз ойын еркін жеткізуге, жаңа идея ұсынуға, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренеді. Зияткерлік ойын – бұл тек білім сайысы емес, ол құндылықтарды саналы түрде қалыптастыратын тәрбиелік бірі. Танымдық ойын арқылы оқушы өзін тек білім алушы емес, идея жасаушы, бастама көтеруші, қоғамның белсенді мүшесі ретінде сезінеді.

Қорытындылай келе, «Дарабоз» – білім мен ұлттық рухтың, дәстүр мен жаңашылдықтың, ой мен әрекеттің тоғысқан бірегей жобасы. Ол – оқушыны жан-жақты дамытатын, оның ішкі әлеуетін ашатын, болашаққа бағыт беретін тиімді педагогикалық құрал. Сондықтан «Дарабоз» – бұл тек ойын емес, ол – дара тұлға қалыптастыратын өмір мектебі.

МОЛДАХАЛЫКОВА АЙЗАТ ТОЛЕНДИЕВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы
«Салтанат» балабақшасы МКҚК Меңгеруші

БАЛАБАҚША – БАҚЫТ МЕКЕНІ

Балабақша – баланың өмірге жасаған алғашқы қадамы, оның тұлға болып қалыптасуының негізі қаланатын маңызды кезең. Бұл – тек білім беретін орын ғана емес, сонымен қатар балаға тәрбие беріп, оны қоғамға бейімдейтін ерекше орта. Ал тәрбиеші – осы ортаның жүрегі, әр баланың болашағына бағыт-бағдар беретін тұлға.

Әрбір бала отбасында мейірім мен махаббатқа бөленіп өседі. Уақыт өте келе ата-ана өз баласын балабақшаға сеніп тапсырады. Бұл – үлкен жауапкершілік. Себебі тәрбиеші балаға тек білім беріп қана қоймай, оның жан дүниесін түсініп, қамқорлық танытып, дұрыс бағытта тәрбиелеуі қажет.

Балабақшада білім беру үдерісі ойын арқылы жүзеге асады. Балалар түрлі іс-әрекеттер барысында санауды, салыстыруды, ойлауды, сөйлеуді үйренеді. Сонымен қатар, шығармашылық қабілеттері дамып, сурет салып, жапсырып, мүсіндеп, өз қиялдарын еркін жеткізе алады. Қимылды және рөлдік ойындар арқылы олар әлеуметтік қарым-қатынасқа бейімделіп, достыққа, сыйластыққа, бір-біріне көмектесуге үйренеді.

Балабақша – баланың тек ақыл-ойын ғана емес, дене дамуын да қамтамасыз ететін орта. Түрлі қимылды ойындар, сергіту сәттері арқылы балалардың денсаулығы нығайып, салауатты өмір салтына бейімделеді. Сонымен қатар, күн тәртібін сақтау арқылы тәртіпке, жауапкершілікке үйренеді.

Балабақшадағы тәрбие баланың мектепке дайындығының негізін қалайды. Мұнда алған білім мен дағдылар оның болашақтағы жетістіктеріне жол ашады. Сондықтан да тәрбиеші еңбегі – аса жауапты әрі құрметті мамандық. Ол әр баланың бойындағы қабілетті байқап, оны дамытуға күш салады, әрқайсысының жүрегіне жол таба біледі.

Қазіргі таңда балабақша мен ата-ана арасындағы байланыс та ерекше маңызды. Екі жақ бірлесе жұмыс істегенде ғана бала тәрбиесі нәтижелі болады. Ата-ана балабақшамен тығыз қарым-қатынаста болып, баласының дамуына бірге үлес қосуы тиіс.

Сонымен қатар, балабақшада ұлттық тәрбиеге ерекше мән беріледі. Балалардың ана тілінде еркін сөйлеуі, салт-дәстүрлерді білуі, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор бола білуі – тәрбиенің маңызды бөлігі. Бұл болашақта елін сүйетін, саналы, тәрбиелі азамат қалыптастырудың негізі.

Қорытындылай келе, балабақша – баланың бақытқа бастар алғашқы баспалдағы. «Тәрбие – тал бесіктен басталады» дегендей, әр бүлдіршінге дұрыс бағыт-бағдар беру – үлкен жауапкершілік. Балабақша – тек мекеме емес, ол – болашақтың іргетасы қаланатын қасиетті орда.

ШЫМЫРКУЛОВА КУРАЛАЙ АБДИМАНАПОВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы

«Салтанат» балабақшасы МКҚК Әдіскер

ШЕБЕР СЫНЫП: «ҰЛТТЫҚ МҰРА – ҰРПАҚҚА АМАНАТ»**Мақсаты:**

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды ойын арқылы меңгертудің тиімді жолдарын көрсету. Ұлттық ойындар мен көрнекіліктер арқылы балалардың танымдық, шығармашылық, логикалық қабілеттерін дамыту.

Ұлттық мұраға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру.

Ұлттық мұра – ата-бабамыздан жеткен асыл қазына. Ал сол қазынаны бүлдіршінің жүрегіне жеткізетін – біз, тәрбиешілер.

Қазақ халқы «Бала – болашағымыз» дейді. Сондықтан балабақшадан бастап ұлттық рухта тәрбие беру – біздің басты міндетіміз.

Бүгін мен сіздермен ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үдерісіне тиімді енгізу жолдары бойынша өз іс-тәжірибеммен бөлісемін.

Шебер сынып барысында сіздер тек тыңдаушы ғана емес, белсенді қатысушы боласыздар. Бірлескен әрекет арқылы ұлттық тәрбиені балабақшада жүзеге асырудың тиімді жолдарын іс жүзінде көретін боламыз.

Ұлттық тәрбиені тек әңгіме арқылы емес, ойын, әрекет, тәжірибе арқылы беру тиімді. Ұлттық тәрбие – жеке іс-шара емес. Ол – күнделікті білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі.

– Бүгін мен сіздерге ұлттық мазмұндағы дидактикалық сандықшаны қолдану тәжірибеммен бөлісемін.

➤ Негізгі бөлім

(Ортаға ұлттық оюмен безендірілген сандық қойылады)

«Сандық сыры»

Қазақта сандық – тек бұйым сақтайтын зат емес, ол – қазына.

Бұл дидактикалық сандықша – ұлттық мазмұнды кіріктіруге арналған ойын құралы. *(Сандықша таныстырылады)*

Сұрақ:

(Қысқа жауаптар алынады.)

1. Ұлттық мұра дегенде ең алдымен не ойға келеді?
2. Балабақшада ұлттық тәрбиені қалай беріп жүрсіз?
3. Балаға ең бірінші қандай құндылықты сіңіру керек?

1-бөлім: «Киіз үй – тәрбие мектебі»

(Құрастырмалы киіз үй алынады)

Алғашқы тапсырмамыз – киіз үйді құрастыру.

Киіз үй – қазақ халқының ертеден келе жатқан баспанасы.

Ол ағаш кереге, уық және шаңырақтан құралады. Сырты киізбен жабылады. Киіз үйді тез жинап, тез тігуге болады. Сондықтан көшпелі өмірге өте ыңғайлы болған.

Шаңырақ - киіз үйдің ең маңызды бөлігі. Ол отбасының бірлігі мен берекесін білдіреді.

Қарапайым тілмен айтқанда:

Киіз үй – ата-бабамыз тұрған жылы, әдемі, дөңгелек үй.

Сұрақтар: Балалардың қызығушылығын қалай оятар едіңіз?

Киіз үй қандай бөліктерден тұрады?

Шаңырақ нені білдіреді?

Киіз үйдің тәрбиелік мәні қандай?

Қорытынды сөз:

Киіз үй – бірлік пен ынтымақтың белгісі.

Балабақшада киіз үй макетін қолдану арқылы балаларға:

Отбасы құндылығын, ынтымақтастықты, ұлттық мәдениетті үйретуге болады.

2-бөлім: «Асық»

“Асық” – қазақтың ұлттық ойыны, балалардың ептілігін, дәлдігін және ойлау қабілетін дамытатын өте қызықты әрі тәрбиелік мәні зор ойын.

Мақсаты:

Балаларды мергендікке, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа және ұлттық дәстүрді құрметтеуге үйрету.

3-бөлім: «Аспапты таны»**Мақсаты:**

Балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру, дыбыстарын ажырата білуге үйрету.

Ойын барысы:

1. Тәрбиеші бір аспаптың дыбысын қосады немесе суретін көрсетеді.
2. Балалар аспаптың атын табады.
3. Дұрыс жауап берген бала сол аспаптың қимылын салып көрсетеді (мысалы, домбыра тарту) .

3-бөлім: «Ою – халықтың тілі»

(Ою бөлшектері таратылады)

Қазақтың ою-өрнегі – тұнып тұрған тәрбие.

Тапсырма:

1.1. Берілген бөлшектерден ұлттық ою құрастырыңыздар.

1. Берілген түстерді сәйкестендіріп, дұрыс орналастыру қажет.

Сұрақтар:

Қандай ою түрлерін білесіздер?

Оюлар нені білдіреді?

Қорытынды:

Ою құрастыру арқылы біз баланың:

Ұсақ моторикасын, логикалық ойлауын, түстерді ажыратуын, эстетикалық талғамын дамытамыз.

Қорытынды сөз

Құрметті әріптестер!

Ұлттық тәрбие – бұл өткенді дәріптеу ғана емес, болашақты қалыптастыру.

Балабақша – ұлттық құндылықтың алғашқы баспалдағы.

Бала жүрегіне ұлттық рухты ойын арқылы, қызығушылық арқылы, мейірім арқылы сіңіру – біздің кәсіби шеберлігіміздің көрсеткіші.

«Ұлт тәрбиесі – ұлт болашағы».

Көріп отырғанымыздай, ұлттық құндылықты беру үшін күрделі әдіс керек емес.

Маңыздысы – жүрекпен беру.

Сіздерге шығармашылық табыс, шабыт, ұлттық рух тілеймін!



ДАВЛЕТОВА МЕРУЕРТ КАЛМУХАМБЕТОВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы
«Салтанат» балабақшасы МКҚК Психолог

ҒАЖАЙЫП КӨБЕЛЕК

Мақсаты: Балалардың шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, психоэмоционалдық жағдайды жайландыру. Ішкі күйзелісті түсіру, релаксация. Қолдарының ұсақ моторикасын дамыту. Өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру.

Психолог: - Балалар мен сендерді көріп тұрғаным қуаныштымын.

Балалар оң қолдарымен жүректерінді ұстандаршы. Естіп тұрсыңдар ма? Тук — тук дейді. Енді осы кішкене жүрегімізде кішкентай ғана мейірім шуағы бар деп сезінейік. Сол шуақпен бір — бірімізді жылытайық. Бір — бірінің қолдарын ұтасады. Міне кішкене күн шуағы үлкен күнге айналды. Осы күннің жылуын таңғажайып әлеміндегі тұрғындарға апарып көмектесейік. Ал ол үшін біз ештеңеден қорықпайтын күшті де епті батыл болуымыз керек. Балалар, мен сіздерді бүгін сиқырлы орманға, саяхатқа шақырамын қараңдаршы, айнала қандай әдемі.

Ойын: Жаңбыр (слайд)

Психолог: Балалар сендер шыныққан сайын таңғажайып әлеміне жан біте бастады.

1. Жылы жаңбыр да жауды (екі қол артта, кезек — кезек алдыға созу) .
2. Жаңбырдан соң әдемі кемпіркөсақ та көрінеді (екі қолды қанатша екі жақта ұстап, иіліп бір қолды бір қолға жеткізу) .
3. Жылы жаңбырға жуынып, өсімдіктер де жапырақтарын күнге жая бастады. (Аяқты артқа созып қолды жоғары көтеріп, денені жоғары созу) .
4. Ал құстар қанаттарын қағып, ұшуға дайындалып жатыр. (Қолды қанатша қағып, отырып — тұру) .
5. Жан — жануарлар да ояна бастады. (Жерге тіземен тұрып аяқтарын созу) .
6. Көбелектер де ұшуға дайындалып жатыр. (Лотос қимылы)

Мына әдемі көбелек біздерді қайда шақырып тұр? Кәне артынан барайықшы
Құм салынған үстелге жақындайды.

— Құм терапия жаттығуы.

— Қолды құмға салу.

— Саусақтарының арасынан құмды уқалау.

— Қолды құмға жасыру.

— Құмды себелеп құю. — Құмға көбелек суретін салу.

Сиқырлы алақан жаттығуы

Мақсаты: жаттығу шығармашылықты дамытады, өз қиялын оятады.

Материалдар: парак, сулы бояу, қарындаш.

Өтілу барысы: Әрбір қатысушыда парак, түрлі-түсті қарындаштар, қарындаш болуы керек. Бәрі шеңбер құра отырады. балаларға өз алақанына өзіне ұнаған бояуды жағып алып, сонаң соң ақ қағазға түсіреді. Кейін сол түскен саусақтардың ізінен өз қиялымен сурет жасап шығару керек. Тағыда жетіспеген элементтер қосуға болады. Жұмысты талдау.

Балалар, енді кілемге жайғасып отырайық, ертегі тыңдайық «Ғажайып көбелектің түсі» ертегіні айтады:

— Бір таңғажайып елде, үлкен гүл алаңында түстер көбелектері өмір сүреді. Күндіз олар ұйықтап жатады, ал түн болғанда оянып, жан — жаққа ұшады. Әр көбелек өз адамына, үлкенге де кішіге де ұшып барады. Түстер көбелегінің қанаттары ғажайып. Оның қанатынан гүлдің, жаңбырдың иісі шығып тұрады. Көбелек қанатымен қағып қалса, сол адамға жақсы түс кіреді, ал қара көбелек қанатымен қақса қорқынышты түстер кіреді. Өз түстерінді естеріне түсіріңдерші, сіздер қандай түстер көресіңдер? Қорқынышты түстер көресіңдер ме?

Психолог: Балаларға қорқынышты түстер көрсететін көбелектердің суретін көрсетіп оларды жыртып тастауға ұсынады. Балалар қара көбелектерді жыртады.

Психолог: Міне, біз енді ондай түстерден қорықпайтын боламыз. Балалар біз мына көбелектерге қандай түс көргілерің келеді? Соның суретін салып бояйық. Балалар сурет салады.

«Болады, болмайды» жаттығуы.

Барысы: Психолог сөздерді айтады, ал балалар солай болуы мүмкін болса, онда қолдарын шапалақтайды, егер ондай мүмкін болмаса — онда аяқпен топылдатады.

Мысалы: қасқыр орманда кезіп жүреді — алақан шапалақтайды. Қасқыр ағаш басында отыр — аяқтарын топылдатады. Кастрюльде кесе қайнап жатыр. Мысық үйдің төбесінде қыдырып жүр. Ит аспанда жүзіп келеді. Қыз үйдің суретін салып отыр.

Жаттығу: «Қорқыныш»

Орманда қараңғы, түрлі дыбыстар шығады. Ол не екен? Қорқып кеттік. Балалар, қорыққанда не істейміз? Тұрып қаламыз. (Мимикамен көрсетеді) көзін жұмады. Ой, қорқынышты болып кетті, бұл қорқынышты жануар шығар,

бір дауыс естіледі. (Мяу) Көзімізді ашып қарайық. Ол кішкентай мысық екен. Оны қолымызға алайық, жылытайық, сипайық. Міне, мысықпен дос боламыз, енді қорықпаймыз.

Рефлексия

Булдіршіндерге бүгінгі іс-әрекет туралы ойларын білу, сұрақтар қою.

- Бүгінгі іс-әрекет ұнады ма, қандай әсер алдың?
- Бүгінгі іс-әрекет саған не жаңалық болды?
- Болашақта өзіңе осы іс-әрекеттен не алар едің?

«Жақсы сөз» жаттығуы арқылы қоштасу. Балалар шеңбер бойлап тұрып, бір –біріне жақсы тілектерін айтады.

РЛАНОВА ПЕРИЗАТ ШИЕНБАЕВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы

«Салтанат» балабақшасы МКҚК Музыка жетекшісі

ӨНЕРЛІ БАЛАПАНДАР

Музыкалық тәрбие дегеніміз - музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру, музыкалық ынтасын, қабілетін, музыкаға эстетикалық көз қарасын қалыптастыру деген сөз.

Музыка тілмен жеткізе алмайтын, адамның тереңде жатқан нәзік сезімінің құралы. Атамыз Абай, «Құлақтан кіріп, бойды алар. Әсем әнмен тәтті күй» деп бекер айтылмаған. Бала музыканы тыңдап отырғанда, көркем образды әнді, ойынды көз алдына елестете отырып өзінше қабылдайды. Музыка адам өмірінің барлық кезеңдерінде кездеседі. Осы орайда бір тоқтала кететінім бесік жырынан бастау алатын ұлттық музыкамыздың өзі де балаларға үлкен қазақи тәрбие береді.

-Ал енді барлық ата-аналарға бір тапсырмам бар.

-Бесік жырын айтып бере аламыз ба?

Жалпы, музыка сабағының балаларға берері өте көп. Себебі ән арқылы көптеген балалар жан-жақты дамиды. Шығармашылықтарын дамыту арқылы әрбір баланың болашағына зор мүмкіндіктер ашылу мүмкін. Шығармашылық бұл баланың өзін-өзі таныуға ұмытылуы, ізденуі. Оларды қызықтыру үшін әр - түрлі әдістер арқылы ҰЖ түрлендіріп өткізуге болады.

Мысалы: Сылдырмақтар туралы түсінік бере отырып оның дыбыс шығаруының сырын түсіндіру.

Мақсаты: Сылдырмақ туралы ән тыңдау арқылы есте сақтау қабілеттерімен саусақ маторикаларын дамытамыз.

Ойын: «Бірғақты қайтала»

Мақсаты: Аспапты тембірлік үнінен тану. Қарапайым ойын арқылы қағыстарды үйрету.

Ойынның барысы: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарына бірдей аспап беріледі. Бір бала таныс әннің ырғағын ойнайды, екінші бала сол әнді қайталайды. Дұрыс тапса отырған балалар шапалақ ұрады.

Келесі «Көңілді ноталар» балаларға музыка әлеміндегі жеті нотаны түсіндіру үшін алдымыздағы түрлі түсті қоңыраулар жайлы айтып өту. Яғни ең алдымен қоңыраудың неден жасалғанын және түстері жайлы түсіндіру. Бұл жерде баланың қызығушылықтарын ояту. Алдарында тұрған қоңырауларды таяқшасымен соғып жеті нотаның дыбысын естиді және қайталайды.

Тыныс алу жаттығулар.

Мақсаты: Балаларды сөйлеу барысында тез, еркін демалып, дем шығару кезінде ауаны бір қалыпты шығаруға үйрету. Ал енді алдымызда тұрған кішкентай торғайларды алып үрлеу арқылы демімізді шығарайық. Ол үшін мен әдемі музыка қоямын және әндете отырып торғайлармен ән айтамыз.

Кіп кішкентай торғай

Ән салады былай

Ал балалар келіндер

Қызықты көріңдер

Қонып отыр міне

Алақанда торғай

Шығармашылықтың тағы бір түрі ол әрине би өнері. Балалардың эстетикалық қабілеттерін дамыту, дене қозғалыстарының үйлесімділігі, икемділігін қалыптастыру. Ритмикалық жаттығулар яғни бас, мойын, қол, иық, білек, саусақ, аяқ жаттығулары. Осы жаттығуларды жасау үшін балаларды қызықтыру үшін музыка қойылады.

Мысалы: Орман жануарларының қимыл қозғалыстарын жасаймыз.

Қимылды ойын: «Орман жануарлары»

(Ана-аналармен бірігіп би қимылдарын орындау)

Барлық балада шығармашылық қабілет бар деп айтуға болады. Мұндағы басты мәселе деннің саулығы мен баланың қалыпты дамуы. Сондықтан балалар өзінің шығармашылық қабілетін толыққанды көрсете білу керек. Кім біледі мүмкін арамызда әншілер, бишілер, мықты суретшілер өсіп жатқан шығар. . . . Балалық шақ шығармашылық даму үшін ең қолайлы кезең. Балапандарымызды тәрбиелеуде ең бастысы ата-анамен бала арасындағы рухани байланыс екенін естен шығармау керек.

Ата-анамен кері байланыс:

Сұрақ-жауап:

1. Ал енді ата-аналар осы жерде сіздерге сұрағым бар балаңыз музыкаға жақын ба?
2. Музыка естігенде балаңыздағы алғашқы әсері
(әнге қосылып гулей ма, болмаса қимыл қозғалыс жасап билей ма әлде қолындағы заттарын қолдана ма?) соғу, қағу, үрлеу, ұру.
3. Балаңыздан балабақшаға келгеннен кейінгі өзгерісті байқадыңыз ба?

Бала болашағымыз, бала қуанышымыз. Ендеше алдымыздағы өсіп келе жатқан бүлдіршіндеріміз өнерлі, әнші, биші болуына шын жүреппен тілектеспін.

МАМРАИМОВ ЕРКЕБУЛАН ЕРЖАНОВИЧ,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы
«Салтанат» балабақшасы МКҚК
Дене тәрбиесі нұсқаушысы

«ӘКЕЛЕР МЕКТЕБІ»: «ӘКЕ – АСҚАР ТАУ»

Мақсаты:

- Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру
- Әкелер мен балалар арасындағы байланысты нығайту
- Ұлттық ойындар арқылы бірлікті күшейту

Қатысушылар: әкелер, балалар, тәрбиешілер

Өтетін орны: балабақша залы

1. Таныстыру

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті әкелер!

Бүгінгі «Әкелер мектебіне» қош келдіңіздер!

Әке – отбасының тірегі, баланың қорғаны, өмірдегі ең үлкен үлгі.

Ендеше, әкелерімізбен жақынырақ танысайық.

(Әр әке өз есімін, баласының атын, қандай кәсіптен айналысатынын айтады)

Бала:

Әкем менің ақылды,

Әкем менің батыр да.

Әкем барда қасымда,

Қорықпаймын ешқашан да.

2. Сұрақ-жауап

Жүргізуші әкелерге сұрақ қояды:

1. Балаңыздың сүйікті ойыны қандай?
2. Бала тәрбиесінде ең бастысы не деп ойлайсыз?
3. Балаңыз сізді қандай әке деп сипаттайды деп ойлайсыз?
4. Баламен бірге өткізген ең бақытты сәтіңіз?

(Әкелер қысқаша жауап береді)

Балаларға сұрақ:

– Әкеңнің қандай жақсы қасиеттері бар?

– Әкеңмен бірге не істегенді жақсы көресің?

3. «Жалғастыр» ойыны

Жүргізуші мақалдың басын айтады, әкелер жалғастырады:

- Әке көрген оқ жонар,

(шеше көрген тон пішер)

- Әке – ... *(асқар тау)*
- Балалы үй – ... *(базар)*
- Тәрбие – *(тал бесіктен)*

(Дұрыс жауапқа балалар қол соғады)

4. «Кім епті?» ұлттық ойыны – Асық ату

Шарты:

- Әкелер 2 топқа бөлінеді
- Белгіленген қашықтықтан асықты атады
- Кім көп асық ұтса – сол топ жеңімпаз

Жүргізуші:

Бұл ойын – мергендік пен ептілікті талап етеді.

Әкелеріміздің қайсысы мерген екен, көрейік!

(Балалар әкелерін қолдап, рухтандырады)

5. Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті әкелер!

Бүгінгі шараға белсенді қатысып, балаларға үлгі болғандарыңыз үшін алғысымыз шексіз.

Баланың бақытты болашағы – әке мен ананың бірлескен тәрбиесінде.

Балалардың хоры: **Әкелерге мың алғыс!**

АКИНБАЕВА САНДУГАШ ГАБИТБЕКОВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы

«Салтанат» балабақшасы МКҚК Тәрбиеші

БОЯУЛАР ӘЛЕМІ –СЫР ШЕРТЕДІ

Қайырлы күн әріптестер, ата аналар!

Бүгінгі біздің **«Бояулар әлемі –сыр шертеді»** атты дөңгелек үстелімізге қош келдіңіздер!

Бала балабақшаға келгенде ойын ойнағанды, сурет салғанды, жалпы шығармашылықпен айналысқанды жақсы көреді. Біз баламен жұмыс жасау барысында топқа бөлініп және ұжыммен бірлесіп жұмыс жасаймыз. Балаға өз қалауымен еркіндік беру арқылы шығармашылығын дамытамыз. Кей бала ең алғаш келген кезде Қарындашты, қылқаламды ұстағысы келмей, оны ойыншық ретінде көретіндер болады. Сондай сәтте біз балаға дәстүрден тыс сурет салу әдісін ұсынамыз. Бала түстерді, пішіндерді тану арқалы қызығушылығы артып, ой-қиялы дамиды. Әрине сурет салу кезінде балаларға қауіпсіздік ережесін түсіндіріп өтеміз. Бүгін біз сіздерге балалармен жұмыстану кезінде салатын суреттерді ата аналарға да ұсынғым келіп отыр.

Ал, құрметті ата- аналар сіздердің алдарыңызда сурет салуға арналған керекті құралдар бар. Өздеріңз білетіндей қатты картон, бояулар, желім, ермексаз, сулы сүлгілер және шаблон суреттері. Осы заттардың көмегімен сіздерге берілген тапсырманы орындауға шақырамын.

Ең бірінші әдісіміз саусақпен бастырып сурет салу.

Міне, мына суретте біз күнделікті іс- әрекетімізде осындай шаблон көмегімен саусақпен бастырып әсемдеп сурет саламыз. Сіздерге де осындай әдіс арқылы сурет салуды ұсынамын.

Шарты: шаблондағы дайын қолшатырға жаңбырдың тамшылыарын сұқ саусағымызды бояуға малып бастыру арқылы сурет саламыз.

Бұл әдіс пен сурет салған балаларға өте ұнайды.

Екінші әдісіміз тұздың көмегі арқылы көркем сурет салу.

Ол үшін бізге шаблон суреті, пва клей, тұз, бояулар, қылқалам қажет.

Шарты: Сурет бейнесі ішіне пва клейді жағып шығамыз, үстіне тұзды себу арқылы жапсырамыз. өз қалауыңызбен түрлі түске бояймыз.

Біздің балалар бұл әдісті де қызығушылықпен орындайды.

Жарайсыздар!

Керемет бейне шықты деп ойлайсыздар ма?

Келесі әдісіміз экологиялық таза, боялған жүнмен гүл бейнесін жапсырамыз.

Бізге қажетті қатты картон, боялған жүн, пва клейі.

Шарты: Осы картонға өз қиялдарыңызбен жүнді үзу, есу, умаждау арқылы гүл бейнесін жапсыру қажет.

Қазақ халқы қой жүнінен түрлі бұйымдар, киімдер жасайтын болған. Ұлттық құндылықтарды дамыту барысында осы жүнмен жұмыс жасауды қолға алып жатырмыз. Балалармен күнделікті іс әрекетімізде жүнмен түрлі әшекейлер, бұйымдар жасаймыз. Балаларға да өте қызықты.

Келесі біздің балалардың ата аналармен бірлесіп істеген жұмыстарын көрсетіп өтейін. Бізде әр мерекеде шығармашылық көрме ұйымдастырылып отырады. Осы көрмедегі заттар, ата –анамен баланың бірлесіп істеген жұмыстары.

Келесі әдісіміз ермексаз көмегімен қарапайым бейнелерді мүсіндеу.

Бала балабақшада қарапайым заттармен ермексаз арқылы мүсіндеуді жақсы көреді. Мына суретте балалардың өз қалауларымен жасаған бейнесі. Сіздердің де алдыларыңызда ермексаз, қарпайым банка қақпағы, ұсақ моншақтар бар. Өз еріктеріңіз бен бір бейнені мүсіндеп берсеңіздер.

Мүсіндеу кезінде балалардың есте сақтау қабілеті артып, саусақ қол маторикасы жақсы дамиды. Ұйымшылдыққа бейімделеді

Балаларға ұнайтын сурет салудың қарапайым түрі ол шиыршыққа оралған кленка бетіне қылқаламмен бояу арқылы сурет салу.

Сіздерге де осы әдісті ұсынамын. Балаңызға деген бір тілекті сурет арқылы бейнелеп берулеріңізді өтінемін. Енді дайын болған жұмысымызды ортаға алып шығайық. өздеріңіз салған суретті түсіндіріп өтсеңіздер.

Рахмет! Енді менің сіздерге қояр сұрақтарым бар?

1. Бүгінгі шығармашылық іс-әрекет сіздерге ұнады ма?
2. Қандай әдіс сіздерге тиімдірек болды?
3. Балаңыз қандай шығармашылық түрін ұнатады?

Құрметті ата- аналар осындай қарапайым заттармен үй жағдайында да баланың шығармашылық қабілетін дамытуға болады екен. Балаларымыздың шығармашылығы шыңдала берсін!

МАМЕТОВА АЛИЯ ДҮЙШЕМБИЕВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы

«Салтанат» балабақшасы МКҚК Тәрбиеші

САНДАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Мақсаты:

Балалардың 1-10 көлеміндегі сандар туралы білімдерін бекіту, есептеу дағдыларын дамыту, логикалық ойлауын, сөйлеу мәдениетің және өздігінен жұмыс жасау қабілетін жетылдыру, геометриялық пішіндерден құрастыру және кенестікі дұрыс бағдарлауын қамту.

Тәрбиеші:

Балалар, бүгін біз сиқырлы **Сандар әлеміне** саяхатқа шығамыз.

Ол жаққа қалай барамыз деп ойлайсыңдар?

1-аялдама: "Сандар қаласы".

Тапсырма:

1-10-ға дейін тура және кері санау.

Жоғалған сандарды тап.

Мысалы:1,2,3, _5.

Суретті заттарды санап, дұрыс санды табу. (Мысалы5 доп -5 сан) .

2-алдама: "Есептер алаңы.

Тапсырма: Қарапайым қосу және азайту.

Балалар сандарды ретімен орналастырады (1–10) .

3-аялдама: "Пішіндер көшесі".

Тапсырма:

Геометриялық пішіндерді атау,

Пішіндерден көлік немесе үй құрастыру.

Пішіндерді санмен сәйкестіру.

Төртбұрыш. Дөңгелек. Ұшбұрыш. Шаршы. Жұлдызша.

4-аялдама: "Қимылды-қозғалыс бекеті".

Сергіту сәті:

5- рет секіру.

4-рет қол шапалақтау.

2-рет айналу.

6-рет отырып тұру.

(қимылды өлең)

5-аялдама: "Логика және кеңістік".

Тапсырма:

Көп-аз. үлкен-кіші.

Жоғары- төмен.

Қорытынды бөлім:

Сұрақ-жауап:

Біз қай елге саяхат жасадық?

Қай аялдама ұнады?

Қандай көлік түрін қолдандық.

МАРХАБАЕВА АНАР ЖАКСЫЛЫКОВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы

«Салтанат» балабақшасы МКҚК Тәрбиеші

БАУЫРСАҚПЕН БІРГЕ САЯХАТ

Мақсаты:

Балаларды «Бауырсақ» ертегісімен таныстыра отырып, кейіпкерлердің іс-әрекетін түсінуге үйрету, ертегі мазмұнын тыңдап, есте сақтау қабілетін дамыту, сондай-ақ жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу.

Балалар:

– Күніміз ашық болсын!

– Деніміз сау болсын!

Тәрбиеші:

– Жарайсыңдар, балалар! Көңіл-күйлерің жақсы ма?

Тәрбиеші:

– Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар:

Домалақпын, сары түспін,

Пештен шықтым, ән айтамын.

Қашып жүрмін бәрінен,

Айтыңдаршы, мен кімін?

Балалар:

– Бауырсақ!

Тәрбиеші:

– Дұрыс айтасыңдар, жарайсыңдар!

– Мына суретте «Бауырсақ» ертегісі бейнеленген.

– Ертегіні есімізге түсірейікші. Бауырсақ кімдерден қашып еді?

(Балалардың жауаптары тыңдалады)

Тәрбиеші:

– Балалар, ата мен апа терезенің алдына суытып қойған бауырсағын таба алмай қалыпты.

– Оларға көмектесеміз бе?

Балалар:

– Иә, көмектесеміз!

(Сахнаға Түлкі шығады)

Түлкі:

– Сәлем, балалар! Бауырсақ менде. Егер менің тапсырмаларымды орындасаңдар, мен бауырсақты қайтарамын.

Балалар:

– Жарайды!

Түлкі:

– Онда 3 топқа бөлініңдер:

1-топ – «Қоян» тобы:

– Бауырсаққа түрлі-түсті дөңгелекшелерден жол жасайды.

2-топ – «Аю» тобы:

– Аңдардың бейнесіне сәйкес пішіндерді орналастырады.

3-топ – «Қасқыр» тобы:

– Қандай аң қандай тағам жейтінін анықтайды.

(Балалар тапсырмаларды орындайды)

Сергіту сәті:

– Қане, балалар, бір сергіп алайық:

(қимылмен)

Орнымыздан тұрамыз,

Қолымызды созамыз.

Бір, екі, үш – секіреміз,

Қайтадан біз отырамыз.

Қорытынды:

(Түлкі қайта шығады)

Түлкі:

– Жарайсыңдар, балалар! Тапсырмаларды өте жақсы орындадыңдар. Міне, бауырсақты қайтарып беремін.

Тәрбиеші:

– Балалар, бауырсақты ата мен апаға қайтарайық.

(Ата мен апа алғыс білдіреді)

Ата мен апа:

– Рақмет сендерге, балалар!

Кері байланыс:

Тәрбиеші:

– Балалар, түлкі не істеді?

– Қандай тапсырма ұнады?

– Бауырсақ дұрыс істеді ме?

(Балалардың жауаптары тыңдалады)

Мадақтау:

Тәрбиеші:

– Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі іс-әрекетке өте жақсы қатыстыңдар.

– Рақмет сендерге!

МУРАТБЕКОВА САНДУГАШ СИЕЗБЕКОВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы

«Салтанат» балабақшасы МКҚК Тәрбиеші

АСЫҚ – АЛТЫН ҚАЗЫНАМ!

Міндеті: Балаларды қазақтың ұлттық ойыны – асықпен таныстыру, асықтарды санауға, асықпен түрлі ойындар ұйымдастыру, түстерін ажыратуға үйрету, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру.

Балалар, бүгінгі іс-әрекетіміз қызықты болмақ.

Үлкендерге сіз,

Кішілерге сіз.

Сәлем бердік сіздерге,

Құрметпенен біз!

-Сәлеметсіздерме!

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін ұлттық ойынмен танысамыз. Ол қандай ойын екенін жұмбақ арқылы табайық.

Жұмбақ:

Жылқыда жоқ,

Сиырда бар,

Түйеде жоқ,

Қойда бар.

Балалар ойнайтын

Қызықты ойын бар.

Ал, шеше алады кім мұны? (*Асық*)

Асық- қойдың артқы аяғындағы тобық буынының сүйегінен алады екен. Ертеде қазақ халқы бала күнінен бастап асықты көп ойнаған екен. Тіпті бала дүниеге келмей жатып ата-әжелері немерелеріне арнап асық жинап немерелерін асыға күткен. Ұлым қайсар, батыл болсын деп ірі қошқарлардың асығын жинап, үлкен асық мықтылықтың белгісі деп сенген. Арқардың асығын «құлжа» дейді. Сиыр малынан алынатын асықты «топай» дейді. Оның салмағы ауырлау келеді екен. Асық арқылы балаға: қайсарлық, батылдық, мергендік, ептілік, жеңіске ұмтылу қасиеттері дамыған.

Сұрақтар:

-Балалар асықты қайдан аламыз?

« Сиыр, арқар, қошқар, қой, ешкі».

-Дұрыс айтасыңдар балалар, тұяғы екіге айрылған төрт түліктерде асық болады екен.

-Төрт түлік малды кім атап береді?

«Сиыр, жылқы, қой, түйе»

-Ал, осы асық туралы мақал-мәтел білеміз бе?

Ясмина:

«Қой асығы деменіз,
Қолыңа жақса, сақа тұт.
Жасы кіші деменіз,
Ақылы асса, аға тұт».

Елдар:

«Оқығанның асығы-алшысынан түседі».

Нұрислам:

«Асығын ата алмаған,
Сақасынан көреді.
Сөзін сөйлей алмаған,
Атасынан көреді»

1. Ойын: «Асықты жина»

Міндеті: Ойлау қабілетін арттыру, зейінің дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке үйрету. Жетістікке жетуге ынталандыру. .

Ойын барысы: Қарама-қарсы екі бала тұрады, асықты бір бағыттан, екінші бағытқа апаруға үйрету. Қарсыласын бақылап тұруға үйрету. Бұл ойында бос төркезден сеіруге де болатының ұғындыру, секіру, жүру тәсілдері арқылы ойнату.

Сұрақтар:

- Кім асықты орнына бірінші апарды?
- Сендерге бұл ойын ұнады ма?

2. Ойын: «Тез ойла, тез жина»

Міндеті: Асықтарды санау, түстерін ажырату, көп – аз ұғымын анықтау.

Ойын барысы: Алты бала ойнайтын ойын, текшені асықтың түсуіне қарай лақтырады, асық алшысынан түссе, сол бала текшені лақтырады, текше қай түске түссе, ортадағы асықтарды түсіне қарай қолдарындағы таяқшаны пайдаланып ұяшығына салады, кім көп асықты жинайды, сол жеңімпаз болып есептеледі.

Сұрақтар:

- Кім көп асық жинады?
- Сенде неше асық бар?
- Қай балада асық көп?
- Қай балада аз?

3. Ойын: «Асықты жіптен өткіз»

Міндеті: Қол моторикасын дамыту. Ойынды екі бала ойнайды, тесілген асықтардың ортасымен асықтан моншақ тізу, кім бірінші болса, сол жеңімпаз саналады.

Ойын барысы:

Екі қарсылас бала жарыса отырып, асықтарын түгел жіптен өткізуге талпындыру.

Сұрақ:

- Кім асықты бірінші жіптен өткізді?

Сергіту сәті: «Асықпен бірге қозғал»

Міндеті: Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту, ептілікке, жылдамдылыққа баулу. Байқампаз қасиеттерін дамыту.

4. Ұлттық ойын: "Асық ату"

Міндеті: Мергенділік пен жеңімпаздылыққа баулу. Балалардың құлатқан асығын санауға үйрету, сұрақтарға толық жауап беруге баулу.

Ойын барысы:

Балалар кезекпен асықты атады.

Кім асықты дәл тигізіп ойын алаңынан шығарса, көп асық атып алса сол жеңеді.

Сұрақтар:

- Сен неше асық атып алдың?
- Кім көп асық жинады?
- Кім де көп, кімде аз?

5. Шығармашылық жұмыс

Балаларды үш топқа бөліп отырғызу.

1 топ: Асықтарды бояйды.

2-топ: Асықтардың жартысын жапсырады.

3топ: Арнайы асық жасайтын селикон қалыпқа тұзды қамырды нығыздап салып, асық пішінің илеп мүсінін жасайды.

6. Қорытынды

Сұрақтар:

Балалар сендерге бүгінгі іс-әрекет ұнады ма?

Бүгін қандай ойын түрлерімен таныстық?

НАДЫРБАЕВА САНДУГАШ СЕРИКОВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы
«Салтанат» балабақшасы МКҚК Тәрбиеші

МҰРАЖАЙҒА САЯХАТ**Мақсаты:**

Балаларды мұражай ұғымымен таныстыру, ұлттық мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыру. Қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары мен ұлттық музыкалық аспаптары туралы түсінік беру арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту, тілін дамыту және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Тәрбиеші: – Балалар, бүгін ерекше, қызықты саяхатқа шығамыз. Бұл жай саяхат емес, біз өткен өмірге, ата-бабаларымыздың тұрмысына саяхат жасаймыз.

– Саяхат жасағанды ұнатасыңдар ма?

Балалар жауап береді.

– Бүгін біз мұражайға барамыз. Ал мұражай деген не екенін білесіңдер ме?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Тәрбиеші толықтырады:

– Мұражай – бұл өте маңызды орын. Онда көне заттар, тарихи бұйымдар сақталады. Бұл заттар арқылы біз ата-бабаларымыз қалай өмір сүргенін білеміз.

2. Мұражай ережелері

Тәрбиеші: – Балалар, мұражайға барған кезде біз міндетті түрде ережелерді сақтауымыз керек.

Қатты сөйлемейміз, тыныш жүреміз

Заттарды рұқсатсыз ұстамаймыз

Бір-бірімізге кедергі жасамаймыз

– Егер біз осы ережелерді сақтасақ, нағыз тәртіпті балалар боламыз.

3. Мұражайға саяхат (рөлдік ойын)

Балаларға рөлдер бөлінеді: күзетші, кассир, келушілер.

Күзетші: – Қош келдіңіздер! Мұражайға кірер алдында тәртіп ережесін сақтауды сұраймын.

Кассир: – Билет алыңыздар!

Балалар билет алады, бірге санайды:

– Бір билет, екі билет, үш билет. ..

4. Экспозициямен танысу**1-бөлім: Киіз үй**

Тәрбиеші: – Балалар, бұл – киіз үй. Киіз үй – қазақ халқының ежелгі баспанасы.

– Ол өте ыңғайлы, себебі оны тез жинап, басқа жерге көшіруге болады.

– Киіз үйдің негізгі бөліктері бар:

шаңырақ – төбесі

уық – тіректері

кереге – қабырғасы

– Киіз үй табиғи материалдардан жасалған. Ол қыста жылы, жазда салқын болады.

Сұрақтар:

Киіз үй не үшін керек?

Оның бөліктерін атаңдар

2-бөлім: Тұрмыстық бұйымдар

Тәрбиеші: – Бұл – сандық. Сандыққа киім, бағалы заттарды сақтаған.

– Ал мынау – қамшы. Қамшыны ат мінгенде қолданған.

– Бұрынғы кезде адамдар барлық заттарын өздері жасап, ұқыпты пайдаланған.

– Қазақ халқы әр затты әдемі етіп, ою-өрнекпен безендірген.

Балалармен жұмыс:

Қай зат ұнады?

Ол не үшін керек?

3-бөлім: Музыкалық аспаптар

Тәрбиеші: – Қазақ халқы ән мен күйді жақсы көрген. Сол үшін түрлі музыкалық аспаптар жасаған.

– Домбыра – ең танымал аспап. Оның екі ішегі бар, оны шертіп ойнайды.

– Қобыз – ерекше аспап, оны ысқышпен ойнайды.

– Жетіген – жеті ішекті аспап.

– Әр аспаптың өз үні бар, олар өте әдемі дыбыс шығарады.

Сұрақтар:

Домбыра неше ішекті?

Қай аспап ұнады?

5. Сергіту сәті

«Музыка ойнаймыз»

(Балалар домбыра тартқандай, қобыз ойнағандай қимыл жасайды)

6. Шығармашылық жұмыс

Балаларға тапсырма беріледі:

Киіз үйдің суретін бояу

Домбыраны ою-өрнекпен әшекейлеу

Тәрбиеші көмектеседі, бағыт береді.

7. Қорытынды

Тәрбиеші: – Балалар, біз бүгін қайда бардық?

– Мұражайда не көрдік?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

САГЫНБЕКОВА ГУЛЬМИРА МЫРЗАХАНОВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы
«Салтанат» балабақшасы МКҚК Тәрбиеші

САНДАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Мақсаты:

Балалардың 1–10 дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту, санау дағдысын дамыту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

Балалар:

– 1–10 дейінгі сандарды біледі;

– Сандарды заттармен сәйкестендіреді;

– Санау тапсырмаларын дұрыс орындайды;

– Шығармашылық жұмысты қызығушылықпен орындайды.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!

– Көңіл-күйлерің қалай?

Бір, екі, үш –

Күлімдейік біз.

Төрт, бес, алты –

Дос болайық біз!

– Балалар, бүгін біз ерекше саяхатқа шығамыз.

– Біз Сандар әлеміне барамыз.

– Бұл елде әр санның өз орны бар.

– Саяхатқа барғыларың келе ме?

Балалар:

– Иә!

– Олай болса, жолға шығайық!

1. Дидактикалық ойын: «Сандарды сана»

Тәрбиеші балаларға текшелер таратады.

Тапсырма:

– Алдарыңдағы текшелерді санап көрейік.

– Қанша текше бар?

Балалар 1–10 дейін санайды.

Қосымша сұрақтар:

– Қай сан үлкен?

– Қай сан кіші?

– 5-тен кейін қандай сан келеді?

2. Қимылды ойын: «Тез тап»

Тәрбиеші сан айтады, балалар сол санға сәйкес қимыл жасайды.

Мысалы:

– 3 – үш рет шапалақтау

– 5 – бес рет секіру

– 2 – екі рет айналу

– 4 – төрт рет отыру

(Балалардың белсенділігін арттыру)

Сергіту сәті:

Бір дегенім – тұрайық,

Екі дегенім – бұрылайық,

Үш дегенім – секірейік,

Төрт дегенім – отырайық!

3. Шығармашылық жұмыс: «Өз саныңды сал»

Тапсырма:

- Балалар бір санды таңдап алады;
- Сол санды бояйды;
- Қасына сол санға сәйкес заттарды салады.

Мысалы:

4 – төрт доп

6 – алты гүл

3 – үш көбелек

Тәрбиеші көмек көрсетеді, бағыт береді.

Қорытынды

Сұрақ-жауап:

- Бүгін біз қай елге бардық?
- Қандай сандарды санадық?
- Қай ойын сендерге ұнады?
- Қандай санды таңдадыңдар?

Балалардың жауаптары:

- Сандар әлеміне бардық!
- 1–10 дейін санадық!
- Маған ойындар ұнады!
- Мен 7 санын таңдадым

Қорытындылау:

- Жарайсындар, балалар!
- Сендер бүгін өте жақсы жұмыс жасадыңдар.
- Сандарды дұрыс санадыңдар, тапсырмаларды орындадыңдар.
- Саяхатымыз қызықты өтті!

ТЛЕУБЕРДИЕВА БАЯН ТАСТАНБЕКОВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы

«Салтанат» балабақшасы МКҚК Тәрбиеші

ЕРКЕТАЙЫМ ЕРТЕГІСІЗ ӨСПЕСІН

Қайырлы күн, құрметті әріптестер мен ата-аналар!

Бүгінгі «Еркетайым ертегісіз өспесін» атты дөңгелек үстелімізге қош келдіңіздер!

Құрметті ата-аналар, біз баланы балабақшада ертегі арқылы тәрбиелейміз. Ертегі арқылы балалардың тілін дамытып, ой-өрісін кеңейтіп, қиялын ұштаймыз.

Олай болса, «Қызықты суретті сұрақтар» айдарын бастайық.

Ойын: «Суретті ойын»

Аты айтып тұрғандай, қызықты суреттерге қарап, сұрақтарға жауап берейік.

(Ата-аналардың жауаптары тыңдалады)

Осы ойын арқылы біз көптеген ертегілерді еске түсірдік. Енді сол ертегілердің бірінен шағын көрініс тамашалайық.

Ортаға «Алдар көсе мен бай» ертегісінің кейіпкерлерін шақырамыз.

Сахналық көрініс: «Алдар көсе мен бай»

Алдар көсе:

– Мен қазір байды алдаймын, әбден алдаймын!

Бай:

– Алдар, тоңбадың ба? Жыртық шапанмен жүрсің ғой.

Алдар көсе:

– Жоқ, мен тоңбаймын. Бұл жыртық шапан емес, сиқырлы оюлы шапан.

Бай:

– Қойшы, қайдағы ою? Көрсетші, қай жерінде ою бар?

Алдар көсе:

– Байеке, асықпаңыз. Қазір балалармен бірге әдемі сиқырлы оюлы кілем жасап көрсетеміз.

Алдар көсе:

– Қане, балалар, келіңдер! Байекеге оюлы кілем құрастырып көрсетейік.

(Балалар кілемшені құрастырады)

Балалар орындарына отырып, текшеге «қошқар мүйіз» оюын бояумен бастырады.

Балабақшада ертегі айту барысында балалар ән айтып, сурет салып, түрлі әрекеттер жасайды. Бұл олардың шығармашылық қабілетін дамытады.

Көріністің жалғасы:

(Алдар кілемнің үстіне отырады)

Алдар көсе:

– Байеке, келіңіз, осы кілемге отырыңыз. Шапаныңыз да оюлы, өзі жылы, өзі жұмсақ!

Бай:

– Не істесем екен? ..

(Алдар байдың шапанын киіп қашып кетеді)

Бай:

– Қап! Тағы да алданып қалдым!

Қорытынды бөлім:

Құрметті ата-аналар, сіздер де бүгін балабақша балалары сияқты ертегіні сахналап көрсете алдыңыздар.

Бала ертегі арқылы:

– тілін дамытады;

– кейіпкерге ене алады;

– өз ойын еркін жеткізеді;

– шығармашылық қабілеті дамиды.

Сұрақ-жауап:

– Үйде балаңызға қандай ертегіні жиі айтасыз?

– Балаңыз қай ертегіні жақсы көреді?

– Бала үшін ертегінің маңызы қандай?

Ертегі – бала мен ата-ана арасындағы байланысты нығайтады, бір-біріне деген жақындықты арттырады.

Қорытынды сөз:

Қатысқандарыңыз үшін алғысымды білдіремін!

Бүгін сіздер ертегінің бала дамуына қаншалықты маңызды екенін көрдіңіздер.

Алдағы уақытта балалармен бірге ертегіні сахналауды жалғастырайық.

Сіздердің еркелеріңіз ертегісіз өспесін!

ХАЛМУРАТОВА ЗУБАЙДА ШАРИФОВНА,

Байзақ ауданы, Байзақ ауылы

«Салтанат» балабақшасы МКҚК Тәрбиеші

ҚҰСТАР - БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ

Мақсаты: Құстар туралы білімдерін жетілдіру, Құстардың пайдасы тіршілігі туралы түсінік беру.

Көрнекі құралдар; табиғат суреттер, бейне таспа ЖИ көмегімен, құстар, үлестірмелі материалдар, түрлі- түсті парақтар. . Балалар көңіл- күйлерің қалай? **Балалар:** тамаша. Жақсы көңіл күйімізбен бір-бірімізге алақан арқылы жылуымызды берейік.

- Мен бүгінгі күн ананың алақанындай жылулық сыйласын деймін. Көтеріңкі көңіл күй тілейміз.

- Балалар қолдарыңнан ұстап тұрғанда нені сезіп тұрсыңдар?

Балалар: - жылулықты сезіп тұрмыз.

- Олай болса жылуымызды сыйға тартамыз, **ЖИ жасалынған видео «Құстар»** (балалар назарын экранға аудару, сурет бойынша әңгіме слайд сұрақ-жауап алу)

- Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Оларды жыл құстары деп атаймыз.

- Ал қандай құстар қыстап қалады?

- Көгершін, Сауысқан, Қарға, суық торғай, тоқылдақ

- Дұрыс айтасыңдар!

Құстардың қандай пайдасы бар? - құрт құмырсқа жәндіктерден табиғатымызды қорғайды екен,

Ал мыналар қандай құс?

- Көгершін, Сауысқан, Қарға, суық торғай, тоқылдақ

ЖИ жасалынған видео «Ғажайып сәт». Данышпан қарға сөйлейді

- Саламатсыңдар ма, балалар!

- Менің сендерге қояр тапсырмаларым бар, сол тапсырмамды орындасаңдар сиқырлы ағашымнан сендерге арналған сыйлығымды беремін,

1. Құстарға қыс мезгілінде жылы пана болатын ұя жасай аласыңдарма. ,

Тәрбиеші: Ал балалар ендіше біз құстарға жылы болатын құстың ұясын жасайық. (Балалар ермексазды пайдаланып құстың ұясын жасайды) .

- Қарға жарайсыңдар балалар!

. - Ал балалар құстарға арналған тақпақ білесіңдер ме?

Тәрбиеші: балалар құстарға арнап тақпақ айтып берейік.

Асылым:

Түсі қара мамықтай,

Төсі ақ сыр жаққандай.

Ұшса оқтай зулайды,

Көктен жұлдыз аққандай

Нұрмухаммед

Үнсіз бір сәт тұрмайды,

Өнші бұлбұл жырлайды.

Көкек: кө-кек, кө-кек! -деп,

Өз атын көп бұлдайды.

Қарға; Жарайсыңдар балалар!

Сергіту сәті.

Ал балалар жақсы көңіл- күймен би билеп алайық. «Құстар» биі (музыка әуенімен қимыл қозғалыстар жасайды) . Балалардың көңіл күйі өте тамаша.

Тәрбиеші: ал балалар Қарғаның үшінші тапсырмасын орындайық. **Қарға; Жарайсыңдар** өте ақылды білгір балалар екенсіңдер!

Балалар достарымнан адасып қалдым, достарымды тауып бересіңдерме?

Тәрбиеші: Онда біз балалар қарғаға достарын тауып берейік. Әрине ол достары осы біздің мынау тұрған текшелерімізге тығылып қалған шығар, (текшелерді құрастырды)

Мінекей біз қарғаға достарын тауып бердік.

Мақсаты: қиылған құстардың суреттерін құрастыру.

-Қарға: жарайсыңдар балалар!

- құстарды осылай қамқорлықпен жанашырлықпен қарауымыз керек. **Қарға; Жарайсыңдар** балалар! Сендер білімді, тапқыр балалар екенсіңдер. Сендерге уәде еткендей менің сыйлығыма лайық екенсіңдер. (ағаштағы түрлі - түсті жарықтар жанады)

Балалар: - сиқырлы жарықтарға таңдана қарайды.

Тәрбиеші - міне балалар қарғаның сиқырлы ағашынан сыйлығымызды алайық, .

(сыйлығын тарқатады)

Қорытынды:

1. Құстардың пайдасы?

2. Құстардың тіршілігі

Жарайсыңдар балалар! Құстарға үнемі қамқорлықпен қарауымыз керек.



БАТЫРБЕКОВ ЕРДОС СЕРИКОВИЧ,
Өндірістік оқыту шебері және арнайы пәндер мұғалімі
Almaty Polytechnic College

ОПТОЭЛЕКТРОНДЫ ТЕХНОЛОГИЯ

Қазіргі заманда ғылым мен техниканың қарқынды дамуы жаңа технологиялардың пайда болуына жол ашты. Солардың бірі — **оптоэлектронды технология**. Бұл технология жарық энергиясы мен электр сигналдарының өзара әрекеттесуіне негізделген және ақпараттық технология, байланыс жүйелері, медицина мен өндірісте кеңінен қолданылады.

Оптоэлектроника — жарықты электр энергиясына немесе электр сигналын жарыққа айналдыратын электрондық құрылғыларды зерттейтін ғылым саласы. «Опто» сөзі жарықты білдірсе, «электроника» электрлік басқару жүйелерін білдіреді. Яғни, бұл екі технологияның бірігуі болып саналады.

Оптоэлектронды құрылғылар жарық сигналдарын қабылдау, өңдеу және тасымалдау қызметін атқарады. Мұндай жүйелер ақпаратты жоғары жылдамдықпен және сапалы жеткізуге мүмкіндік береді.

Оптоэлектронды технологияда келесі құрылғылар кең қолданылады:

- **Жарық диодтары (LED)** — электр энергиясын жарыққа айналдырады;
- **Лазерлер** — қуатты және бағытталған жарық сәулесін шығарады;
- **Фотодиодтар** — жарықты электр сигналына түрлендіреді;
- **Оптикалық талшықтар** — ақпаратты жарық арқылы алыс қашықтыққа жеткізеді;
- **Сенсорлар мен оптикалық датчиктер** — жарық өзгерістерін анықтайды.

Оптоэлектронды технология көптеген салаларда маңызды рөл атқарады:

интернет пен телекоммуникацияда оптикалық талшық арқылы деректер жоғары жылдамдықпен беріледі.

лазерлік операциялар, көз диагностикасы және медициналық сканерлеу құралдары оптоэлектроникаға негізделген.

автоматтандырылған өндірісте оптикалық сенсорлар сапаны бақылауға көмектеседі.

теледидар экрандары, смартфон камералары және жарықтандыру жүйелері осы технологияны пайдаланады.

Оптоэлектронды технологияның негізгі артықшылықтары:

- ақпаратты өте жоғары жылдамдықпен жеткізу;
- энергияны үнемдеу;
- электромагниттік кедергілерге төзімділік;
- құрылғылардың шағын әрі тиімді болуы.

Болашақта оптоэлектронды технология жасанды интеллект, кванттық компьютерлер және «ақылды қала» жүйелерінің негізгі элементтерінің бірі болады. Ғалымдар жарық арқылы есептеулер жүргізетін жаңа компьютерлерді жасау бағытында жұмыс жүргізуде.

Оптикалық талшықтар арқылы оптоэлектрониканың маңыздылығы

Адамзат өркениеті ақпарат жылдамдығымен өлшенетін заманға қадам басты. Бүгінде секундтар емес, тіпті миллисекундтар маңызды. Осындай шапшаң дәуірде оптоэлектроника — жарық пен технологияның үндестігінен туған ғажайып ғылым ретінде адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ал осы ғылымның жүрегі іспетті — оптикалық талшықтар.

Оптикалық талшық — сырттай қарағанда жіңішке ғана шыны жіп. Бірақ оның ішінде жарық сәулесі мыңдаған шақырымды көз ілеспес жылдамдықпен бағындырады. Бұл — адам ақылы мен табиғат заңдарының үйлесімінен туған керемет жетістік. Электр сигналдарының орнын жарық толқындары басып, ақпарат әлемін жаңа деңгейге көтерді.

Оптоэлектроника арқылы таралатын жарық сәулелері қалаларды, мемлекеттерді, тіпті құрлықтарды бір-бірімен байланыстырып тұр. Интернет желісі, бейнеқоңыраулар, онлайн білім беру мен цифрлық медицина — бәрі де оптикалық талшық бойымен жүйткіген жарықтың арқасы. Біз экран алдында отырып-ақ әлемнің кез келген нүктесімен тілдесе аламыз. Бұл — жарықтың адамзатқа сыйлаған мүмкіндігі.

Оптикалық талшықтардың басты ерекшелігі — олардың жылдамдығы мен сенімділігі. Жарық сигналдары сыртқы кедергілерден қорықпайды, ақпарат жоғалмайды, байланыс сапасы жоғары деңгейде сақталады. Сол себепті заманауи байланыс жүйелері дәл осы технологияға сүйенеді.

Оптоэлектроника — тек техника ғана емес, ол болашаққа бастайтын жол. Жарық арқылы ақпарат тасымалдау адамзаттың білімге, ғылымға және жаңа мүмкіндіктерге деген ұмтылысын бейнелейді. Бүгін оптикалық талшықтар арқылы тараған жарық ертеңгі ақылды қалалардың, жасанды интеллект жүйелерінің және ғарыштық технологиялардың негізіне айналмақ.

Қорытындылай айтқанда, оптикалық талшықтар — жай ғана байланыс құралы емес, олар адамзаттың ойы мен сезімін, білімін мен мәдениетін жарық жылдамдығымен жеткізетін заманауи өркениеттің алтын көпірі.

Оптоэлектронды технология құзыреттілігі бойынша Аймақтық XI WorldSkills Almaty-2026 чемпионаты Білім мен технология тоғысқан заманда кәсіби шеберлік — болашақ маманның басты көрсеткіші. Осы бағытта Almaty Polytechnic College базасында алғаш рет «**Оптоэлектронды технология**» құзыреттілігі бойынша **Аймақтық WorldSkills чемпионаты** жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді.

Бұл чемпионат — жас мамандардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, заманауи технологияларды меңгеру қабілетін көрсететін маңызды алаң болды. Байқау барысында қатысушылар оптикалық талшықтарды монтаждау, желілік байланыс орнату, оптоэлектрондық құрылғыларды баптау және ақауларды анықтау секілді күрделі тапсырмаларды орындады.

Жарыс тек кәсіби сайыс қана емес, болашақ инженерлер мен IT саласының мамандары үшін үлкен тәжірибе мектебіне айналды. Студенттер өз шеберлігін шыңдап қана қоймай, техникалық ойлау, дәлдік, жауапкершілік және командалық жұмыс дағдыларын дамыту мүмкіндігіне ие болды.

Оптоэлектронды технология — цифрлық қоғамның негізін құрайтын маңызды бағыттардың бірі. Сондықтан аталған чемпионат жаңа буын мамандарын даярлауда, өндіріс пен білім беру арасындағы байланысты нығайтуда ерекше маңызға ие болды.

Алғаш рет ұйымдастырылған бұл аймақтық чемпионат колледж тарихындағы маңызды оқиғалардың біріне айналып, кәсіби білім беруді дамыту жолындағы үлкен қадам ретінде бағаланды. Бұл бастама алдағы жылдары да жалғасын тауып, жаңа таланттардың ашылуына жол ашатыны сөзсіз.

БИКЕНОВА МЕЙРАМГУЛЬ АЙТКАЗИЕВНА,

Арнайы пәндер оқытушысы

Almaty Polytechnic College

ЦИФРЛЫҚ МАМАН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫ

Қазіргі XXI ғасыр заманауи ақпараттық технологиялардың үздіксіз дамуын талап етеді. Еңбек, капитал, зияткерлік және білім беру қызметтері нарығы өте жылдам қарқынмен кеңейіп, кадрларды даярлау жүйесін түбегейлі өзгертуде. Білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік – білім беру қызметтерін ұсыну саласында үздіктердің бірі болуға мүмкіндік береді. Осы орайда ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE бірнеше жылдан бері желілік технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы көшбасшылардың бірі – Cisco желілік академиясымен серіктестік орнатып келеді. Аталған компания желілік және ақпараттық технологиялар саласында қажетті білім, білік және кәсіби-тәжірибелік дағдылардың толық спектрін ұсынады.

Қазіргі таңда білім беру саласындағы серіктестік – бұл өзара тиімді қарым-қатынас, ол білім беру сапасын және оқыту деңгейін арттыруға ықпал етеді. Бұл – ортақ нәтижелерге қол жеткізу үшін серіктестердің ынтымақтастығы мен ресурстар алмасу мүмкіндігі.

Бүгінде білім беру ұйымдары мен әлеуметтік серіктестер арасындағы жаңа қарым-қатынас жүйесін қалыптастыру мәселесі бұрынғыдан да өзекті болуда. Бұл кәсіби-техникалық білім берудің рөлін арттыруды, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді, яғни кәсіби білімді, теорияны және қолданбалы дағдыларды жаңа негізде біріктіруді көздейді.

Әлеуметтік серіктестіктің қажеттілігі кәсіби білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын заманауи талаптармен түсіндіріледі. Қазіргі еңбек нарығы ұжымдық еңбекті тиімді ұйымдастыра және жоспарлай алатын, күрделі өндірістік операцияларды өз бетінше орындайтын, кәсіпкерлік қызметке бейім әрі бәсекелестік жағдайында кәсіби тұрғыдан бейімделе алатын мобильді мамандарды талап етеді.

Cisco желілік академиясы – IT және киберқауіпсіздік саласындағы халықаралық білім беру бағдарламасы. Осы компанияның жетекшілігімен ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE жас мамандар мен студенттер IT саласы бойынша білім алуда. Колледжде студенттерді WorldSkills Kazakhstan жыл сайынғы чемпионатына дайындау жүзеге асырылады. Аталған чемпионатта колледж студенттері IT және киберқауіпсіздік саласындағы өз білімдері мен дағдыларын көрсетеді. Колледжде арнайы пәндерді оқытуға арналған кабинеттер жұмыс істейді. Cisco желілік академиясы колледж оқытушылары үшін «IT негіздері», «Киберқауіпсіздікке кіріспе», «Желілік технологиялар негіздері», «Бағдарламалау негіздері», «Python» және т. б. тақырыптар бойынша біліктілікті

арттыру курстарын өткізеді. Бұл курстарды аяқтағаннан кейін оқытушылар халықаралық деңгейде танылатын сертификаттарға ие болады.

Қорытындылай келе, компания мен білім беру ұйымы арасындағы серіктестік жекелеген пәндерді тереңдетіп оқуға мүмкіндік береді, білім алушылардың әлеуметтену мүмкіндіктерін кеңейтеді және олардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес сапалы білімге тең қолжетімділік жағдайын қалыптастырады.

Экономика мен бизнес дамуының үрдістері кәсіби білім беру жүйесін жаңғыртуға әсер етіп, оқу орындарының алдына жаңа міндет – жұмыс берушілердің сұранысына сай мамандар даярлау міндетін қояды. Мұндай міндеттерді шешудің тиімді жолы – жақсы жолға қойылған және нәтижелі жұмыс істейтін әлеуметтік серіктестікке негізделген оқыту жүйесі.

БОРАНБАЕВА ГУЛЬЖАН УСЕНБЕКОВНА,


Информатика пәнінің оқытушысы

Almaty Polytechnic College

6.1. АЛГОРИТМДЕУ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛАУ. ҚОЛДАНУ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ПРОЦЕДУРАЛАРЫ

| | | | |
|------------------------|---|---|------------|
| 1 | Модуль/Пән атауы | Информатика | |
| 2 | Бөлім/Сабақ тақырыбы | 6.1. Алгоритмдеу және бағдарламалау. Қолдану функциялары мен процедуралары. | |
| 3 | Педагог | Боранбаева Гульжан Усенбековна | |
| 4 | Өтілген күні | «11» наурыз 2026 ж. | |
| 5 | Жалпы мәліметтер | Курс 1 | Топ П25-1А |
| 6 | Сабақтың түрі | Аралас | |
| 7 | Мақсаты | Білім алушыларға функциялар мен процедуралардың мәнін, құрылымын және бағдарламалауда қолдану ерекшеліктерін түсіндіру, оларды алгоритм құру барысында тиімді пайдалануға үйрету. | |
| | Міндеттері | <ul style="list-style-type: none"> - Функция және процедура ұғымдарын меңгерту; - Олардың айырмашылығын түсіндіру; - Параметрлермен жұмыс істеуді үйрету; | |
| 8 | Күтілетін нәтижелер | <ul style="list-style-type: none"> - Функция мен процедураны ажырата алады; - Қарапайым функция және процедура жаза алады; - Параметрлерді енгізіп, нәтижені қайтара алады; | |
| 9 | Қажетті ресурстар | Оқулықтар: | |
| | Оқу -әдістемелік құралдар, анықтамалық әдебиеттер: | Р. А. Қадырқұлов, Г. К. Нұрмұханбетова Информатика -10 сынып, Алматыкітап баспасы, 2021. -61 | |
| | Техникалық құралдар-жабдықтар: | <ul style="list-style-type: none"> ✓ Интерактивті тақта, ноутбук ✓ LearningApps платформасы; ✓ Power Point бағдарламасы ✓ ushqug. shyraq. ai платформасы ✓ Canva онлайн платформасы. | |
| Сабақтың барысы | | | |
| 8. | Сабақтың барысы | | |
| 8.1. | Ұйымдастырушылық-мотивациялық кезең (5 мин.): | | |
| | <ol style="list-style-type: none"> 1. Сәлемдесу 2. Аудиторияның тазалығын тексеру 3. Студенттерді ынталандыру мақсатында Shyraq AI платформасында ЖИ-мен жасалған бейнеролик көрсетіледі. <p>Мотивациялық сөздер</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ «Білім — бұл әлемді өзгерту үшін қолдануға болатын ең қуатты қару. » — <i>Нельсон Мандела</i> ➤ «Оқу — инемен құдық қазғандай. » Бірақ сол құдықтың түбінде мөлдір бұлақ бар екенін ұмытпа. ➤ «Бүгін оқыған қиындығың — ертеңгі жеңісіңнің негізі. » Қазір кітап бетіндегі күрделі формулалар ертең сіздің еркіндігіңіз бен биік белесіңіз болады. ➤ «Егер сен бүгін ештеңе үйренбесең, демек бүгінгі күнің бос өтті. » Әр күн — жаңа мүмкіндік. ➤ «Жетістік — бұл кездейсоқтық емес. Бұл — қажырлы еңбек, төзімділік, оқу, іздену және ең бастысы — істеп жатқан ісінді жақсы көру. » — <i>Пеле</i> | | |

- «Ең үлкен қателік — жеңілу емес, әрекет студі тоқтату. » Құласаң да, алға қарай құла, сонда мақсатыңа жақындайсың.
- «Шыңға шығу қиын, бірақ ол жерден көрінетін көрініс соған тұрарлық. »
- «Өз мүмкіндігіңе сен. Сен ойлағаннан да күштісің, сен білгеннен де қабілеттісің. »



Ұйымдастыру кезеңінде стикерлер тарату арқылы үш топқа бөлу. Бағалау парағын тарату

- 1-ші топтың аты: Алгоритмдер
- 2-ші топтың аты: Функциялар
- 3-ші топтың аты: Процедуралар

8.2

Үй тапсырмасын өзектендіру (15 мин.):


Өткен тақырып қайталау

Ойын арқылы оқыту әдісі таңдалды. Командада жұмыс істей алады.



- Жеке тапсырмалар

Shyraq AI платформасында ЖИ-мен жасалған ойындар



- Жеке жұмыс

Сандық форматтағы ынтымақтастықты пайдаланып, тапсырмалар орындау


САНДЫҚ ФОРМАТТАҒЫ d.7
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ





1. Элементтерді жасақтау – қажетті ақпарат жинақтау және сайт дизайнын белгілеу.
2. Бағдарламалау – сайттың логикалық және физикалық құрылымын ойластыру, яғни сайтты құрайтын бөлек файлдарды бумаларға бөліп алуды жоспарлау;
3. Тестілеу – сайт жасаудың негізгі кезеңдерінің бірі.
4. Жариялау – тест аяқталған соң веб-сайт серверде жариялау және қайта тексеру.
5. Веб-бет – кішігірім мәтін не үлкен мәтіннің бір бөлігі, желідегі барлық ақпаратты сақтайтын құжат.
6. HTML гипермәтінді бейнелеу тілі.
7. Веб-дизайн – сайтты дайындаудың алғашқы кезеңі.
8. Браузер – бұл веб-беттерін (гипермәтіндік беттерді) карауға негізделген бағдарлама.

Топпен жұмыс



Ұжымдық әрекеттер арқылы **Shyraq AI** платформасында ЖИ-мен жасалған ойындар



8.3 Жаңа білім мен дағдыны/Кәсіби білікті қалыптастыру (40 мин.):

Жаңа тақырыпты түсіндіру.
ЖИ-мен жасалған суретке қарап тақырыпты табу



Алгоритмдеу дегеніміз - ол объект процестерін зерттеу жұмыстары қарастырылған есеп шешуінің алгоритмін құрастыру.

Бағдарламалау дегеніміз – ол құрастырылған алгоритмді ЭЕМ түсінетін тілге ауыстыру, яғни бағдарламалау тілдерінің бірінде бағдарлама құрастыру.

«Python» — ең жаңа, заманауи бағдарламалау тіліне жатады. Python — жоғары дәрежедегі бағдарламалау тілі. Python тілі қазіргі кезде ең көп таралған бағдарламалау тілі болып саналады.

Үлкен бағдарламаларды жазғанда кодты шексіз бір параққа жаза беру тиімсіз. Егер кодтың бір бөлігі бірнеше рет қайталанса, оны жеке блокқа бөліп шығару керек. Бұл тәсіл **модульдік бағдарламалау** деп аталады. Оның негізгі құралдары — **функциялар** мен **процедуралар**.

Мақсаты: Кодты қысқарту, оқылуын жақсарту және қателерді оңай түзету.

Процедура — бұл белгілі бір іс-әрекеттер жиынтығын орындайтын, бірақ негізгі бағдарламаға ешқандай нәтиже (мән) қайтармайтын код блогы. Ол тек «бұйрықты орындайды».

• **Мысалы:** Экранға хабарлама шығару, файлды сақтау, сызба сызу.

Функция — бұл белгілі бір есептеулерді орындап, оның нәтижесін негізгі бағдарламаға кері қайтаратын код блогы. Онда міндетті түрде return операторы болады.

• **Мысалы:** Санның квадратын есептеу, екі санның қосындысын табу, мәтінді өңдеп қайтару.

Python-да функция мен процедураның екеуі де def түйін сөзі арқылы жарияланады.

Процедураның құрылымы:

```
def процедура_аты (параметрлер) :
```

```
# Орындалатын іс-әрекеттер
```

```
print ("Бұл - процедура")
```

Функцияның құрылымы:

```
def функция_аты (параметрлер) : # Есептеулер нәтиже = параметрлер * 2 return нәтиже # Мәнді кері қайтару
```

Мысал №1: Сәлемдесу процедурасы

Бұл процедура тек мәтінді экранға шығарады.

```
def say_hello (name) : print (f"Сәлем, {name}! Бағдарламалау әлеміне қош келдің! ") # Шақыру say_hello ("Аружан") # Нәтиже: Сәлем, Аружан! Бағдарламалау әлеміне қош келдің!
```

Мысал №2: Қосындыны есептеу функциясы

Бұл функция екі санды қосып, жауабын бағдарламаға береді.

```
def add_numbers (a, b) : summa = a + b return summa # Функцияны шақыру және нәтижені айнымалыға сақтау result = add_numbers (15, 25) print (f"Есептеудің нәтижесі: {result}") # Нәтиже: Есептеудің нәтижесі: 40
```

- **Параметрлер** — функцияны жариялағанда жақша ішінде жазылатын айнымалылар (мысалы, a мен b) .

- **Аргументтер** — функцияны шақырғанда оған берілетін нақты мәндер (мысалы, 15 бен 25) .

Салыстыру кестесі

| Сипаттама | Процедура | Функция |
|-------------------------|--------------------------------|---|
| Негізгі оператор | print () немесе логикалық амал | return |
| Нәтиже | Әрекет орындайды | Мән қайтарады |
| Қолданылуы | Орындап қана қояды | Нәтижені келесі есептеулерде қолдануға болады |
| Математикалық ұқсастығы | Бұйрық (Алгоритм) | Формула ($y = f(x)$) |


• **Функциялар мен процедуралар** — кодты қайта қолданудың ең тиімді жолы.

• Егер бағдарламада бір есептеуді бірнеше рет жасау керек болса, ол міндетті түрде **функция** болуы тиіс.

• Кодты модульдерге бөлу — үлкен жобаларды жасаудың алғашқы қадамы.

Процедураға мысал

Есеп: Екі санның қосындысын процедура арқылы шығару.




```

1 def kosyndy(a, b):
2     s = a + b
3     print("Екі санның қосындысы:", s)
4 a = int(input("Бірінші санды енгізіңіз: "))
5 b = int(input("Екінші санды енгізіңіз: "))
6 kosyndy(a, b)
  
```

Powered by **trinket**
 Бірінші санды енгізіңіз: 10
 Екінші санды енгізіңіз: 5
 Екі санның қосындысы: 15

Функцияға мысал

Есеп: Екі санның көбейтіндісін функция арқылы табу.



```

1 def kobeitu(a, b):
2     return a * b
3
4 a = int(input("a санын енгізіңіз: "))
5 b = int(input("b санын енгізіңіз: "))
6
7 natija = kobeitu(a, b)
8 print("Көбейтіндісі:", natija)
  
```


Powered by **trinket**
 a санын енгізіңіз: 5
 b санын енгізіңіз: 5
 Көбейтіндісі: 25

8.4 Жаңа тақырыпты бекіту (15 мин.):

- Топтық жұмыс



Ынтымақтастықты пайдаланып, **Shyraq AI** платформасында ЖИ-мен жасалған ойындар



- Жеке жұмыс



Цифрлық технологиялар арқылы өзара әрекеттесу арқылы **Shyraq AI** платформасында ЖИ-мен жасалған ойындар



Функциялар негіздері

Пайтон тілінде функцияны анықтауда қолданылатын кілт сөз қалай аталады? (def)

Функция шақырылғанда оған берілетін деректер қалай аталады? (аргументтер)

Функция денесін аяқтап, мәнді кері қайтару үшін қолданылатын кілт сөз қалай аталады? (return)

Функция анықтамасындағы жақша ішіндегі айнымалылардың жалпы атауы қалай аталады? (параметрлер)

Функция ішінде анықталып, тек сол функцияның ішінде ғана қолжетімді айнымалы қалай аталады? (жергілікті)

Қолдану процедуралары

Мән қайтармайтын, көбіне әрекет орындауға арналған функция түрі қалай аталады? (процедура)

Бағдарламада бір модульдегі функцияларды басқа файлға қосу үшін қолданылатын кілт сөз қалай аталады? (import)

Функция параметрлеріне бастапқы мән беру арқылы оларды міндетті емес ету тәсілі қалай аталады? (әдепкі)

Пайтонда атауы бар аргументтерді қолдана отырып функция шақыру тәсілі қалай аталады? (кілттік)

Кодты қайта-қайта жазбай, функцияларды пайдалану арқылы қысқарту процесі қалай аталады? (қайтақолдану)

Кітапханалар және стандарттық функциялар

Пайтонда деректерді консольге шығару үшін қолданылатын кірістірілген функция қалай аталады? (print)

Пайдаланушыдан пернетақтадан енгізу алу үшін қолданылатын кірістірілген функция қалай аталады? (input)

Тізімдегі элементтер санын анықтайтын кірістірілген функция қалай аталады? (len)

Модуль ішінен нақты бір функцияны немесе объектіні тандап қосу үшін қолданылатын кілт сөз қалай аталады? (from)

Функцияны басқа функцияға аргумент ретінде беруге мүмкіндік беретін осындай функциялардың жалпы атауы қалай аталады? (жоғары деңгейлі)

- Топтық тапсырма

1-тапсырма. Ең кіші сан

Берілген **a**, **b** сандарының ішінен ең кішісін табу.

Кіріс: 246 809

Шығыс: 246

Жауабы:

```
def en_kishi(a, b):
    if a < b:
        print("Ең кіші сан: ", a)
    else:
        print("Ең кіші сан: ", b)

a = int(input("a санын енгізі: "))
b = int(input("b санын енгізі: "))

en_kishi(a, b)
```

a санын енгізі: 246
b санын енгізі: 809
Ең кіші сан: 246

2-тапсырма. Сан неше таңба

```
def tanba_sany(x):
    print(len(str(x)), end=" ")

a = int(input("a санын енгізі: "))
b = int(input("b санын енгізі: "))
c = int(input("c санын енгізі: "))

tanba_sany(a)
tanba_sany(b)
tanba_sany(c)
```

a санын енгізі: 1234
b санын енгізі: 809
c санын енгізі: 12345
4 3 5

3-тапсырма. Тіктөртбұрыш ауданы мен периметрі

```

main.py
1 def rectangle(a, b):
2     S = a * b
3     P = 2 * (a + b)
4     print(a, b, S, P)
5
6 a = int(input("a санын енгізіңіз: "))
7 b = int(input("b санын енгізіңіз: "))
8 z = int(input("c санын енгізіңіз: "))
9
10 rectangle(a, b)
11 rectangle(b, z)
12 rectangle(a, z)
    
```

Powered by trinket

```

a санын енгізіңіз: 10
b санын енгізіңіз: 4
c санын енгізіңіз: 6
10 4 40 28
4 6 24 20
10 6 60 32
    
```


8.5 Бағалау (5 мин.):

Бағалау парағы арқылы әр топ өз – өзін бағалайды



| Бағалау парағы | | | | | | | | Бағалау парағы | | | | | | | | Бағалау парағы | | | | | | | | | |
|----------------|---------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|----------------|---------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|----------------|-----|---------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--|
| Топ | Бағалау | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Топ | Бағалау | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Топ | Бағалау | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | Сәтсіз | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

8.6 Рефлексия (7 мин.):



8.7 Үй тапсырмасы (3 мин.):

Р. А. Қадырқұлов, Г. К. Нұрмұханбетова
Информатика -10 сынып, Алматыкітап баспасы, 2021. -61 бет конспекті жазып келу

4-тапсырма. Екілік сан **

Берілген a,b (1<a,b <10³) бүтін сандар берілген. Осы сандардың екілік санау жүйесіндегі көрінісін шығарыңдар.

| № | Мысалы | Нәтиже |
|---|--------|---------------|
| 1 | 24 89 | 11000 1011001 |



ЕРМЕКҚЫЗЫ ЖҰЛДЫЗ,
Өндірістік оқыту шебері
Almaty Polytechnic College

ИИ В ДУАЛЬНОМ ОБУЧЕНИИ IT: ПОМОЩНИК, А НЕ ЗАМЕНА ПРЕПОДАВАТЕЛЮ

Цифровая эпоха меняет образование быстрее, чем мы успеваем переписывать учебные планы. Искусственный интеллект уже вошёл в повседневную жизнь студентов: он помогает искать информацию, писать код и даже объяснять сложные темы. В системе дуального обучения IT-специалистов, где теория тесно связана с практикой, ИИ становится особенно заметным инструментом. Возникает логичный вопрос: усиливает ли он обучение или, наоборот, упрощает его до поверхностного уровня?

Основная часть

На практике искусственный интеллект не заменяет преподавателя, а расширяет его возможности.

Во-первых, он помогает реализовать индивидуальный подход. В одной группе всегда есть разный уровень подготовки. С помощью ИИ можно адаптировать задания: одним студентам предложить базовые объяснения, другим — более сложные кейсы. Это снижает перегрузку преподавателя и делает обучение более адресным.

Во-вторых, ИИ позволяет приблизить учебный процесс к реальной работе. Дуальное обучение предполагает постоянную связь с практикой, и здесь технологии помогают моделировать профессиональную среду. Студенты могут получать задания от «виртуального заказчика», уточнять требования, дорабатывать решения. Такой формат формирует навыки коммуникации и анализа задач — ключевые для IT-сферы.

